

# أَدَبُ طَالِبِ الْعِلْمِ

## БІЛІМ ТАЛАПКЕРІНІҢ ӘДЕБІ

Кітап авторы


Доктор Абдул-Мухсин ибн Мухаммад әл-Қасим

Пайғамбар ﷺ мешітінің имамы

مترجم إلى اللغة الكازاخية

**БІЛІМ ТАЛАПКЕРІНІҢ ӘДЕПТЕРІ**

Сайтты шолу және кітаптарды жүктеп алу үшін QR  
кодты сканерлеңіз



[a-alqasim.com](http://a-alqasim.com)

A decorative border with intricate floral and scrollwork patterns in black, framing the central text. The border consists of four corner pieces and four side pieces, all connected by thin horizontal and vertical lines.

# **БІЛІМ ТАЛАПҚЕРІНІҢ ӘДЕПТЕРІ**

**Кітап авторы**

**Доктор Абдул-Мухсин ибн Мухаммад әл-Қосим  
Пайғамбар ﷺ мешітінің имамы**





## Кіріспе

Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын!

**Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән және оның салауаты мен сәлемі ардақты Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және барлық сахабаларына болсын. Содан соң:**

Расында, ілімді үйрету елшілердің миссиясы. Аллаһ Тағала Ибраһим عليه السلام туралы былай деді:

﴿رَبَّنَا وَابْعَثْ فِيهِمْ رَسُولًا مِنْهُمْ يَتْلُوا عَلَيْهِمْ آيَاتِكَ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ وَيُزَكِّيهِمْ إِنَّكَ أَنْتَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ﴾

*﴿Уа, Раббымыз! Оларға өз араларынан Өзіңнің аяттарыңды оқып, Кітап пен хикметті үйрететін және оларды (күнә атаулыдан) арылтып тазартатын елші жібергейсің! Шүбәсіз, Сен ұлысың, бәрінен үстемсің һәм асқан даналық иесісің!﴾<sup>1</sup>*

Аллаһ Тағала елшілерді басқаларға үлгі етіп, былай деді:

﴿أُولَئِكَ الَّذِينَ هَدَى اللَّهُ فَبِهِدَاهِهِمْ آفْتَدَهُ قُلْ لَا أَسْأَلُكُمْ عَلَيْهِ أَجْرًا إِنَّ هُوَ إِلَّا ذِكْرَى لِلْعَالَمِينَ﴾

*﴿Міне, осы таңдаулы тұлғалар – Аллаһтың тура жолға*

<sup>1</sup> Бақара: 129

*салған құлдары. Ендеше, сен де солардың жолына ер.﴾<sup>1</sup>*

Сондай-ақ, бізге Пайғамбарымыз Мухаммадты ﷺ үлгі тұтуды бұйырды. Аллаһ Тағала айтты:

﴿لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِّمَن كَانَ يَرْجُوا اللَّهَ وَالْيَوْمَ الْآخِرَ

وَذَكَرَ اللَّهَ كَثِيرًا﴾

*﴿Шүбәсіз, Аллаһ елшісінде сендер үшін әрі Аллаһқа және ақырет күніне бар үмітін артқан, сондай-ақ, Аллаһты көп еске алатындар үшін теңдессіз үлгі-өнеге бар.﴾<sup>2</sup>*

Ибн Касир رحمته айтты: «Бұл аят – Аллаһ Елшісін ﷺ үлгі тұтуда және оның барлық істерінде, сөздерінде, халдерінде оған еруде үлкен негіз болып табылады».<sup>3</sup>

Салихалы ата-бабаларымыз білім үйренумен қатар, әдеп үйренуді де бірге алып жүрген. Ибн Сирин رحمته айтты: «Сахабалар әдепті білімді үйренгендей үйренуші еді!»<sup>4</sup>

Білім талап етуші Пайғамбарды ﷺ үлгі етіп, оған еруге басқаларға қарағанда лайықтырақ. Себебі, оның мінез-құлқымен және сипаттарымен әшекейленген адамның дағуаты адамдардың арасында қабыл болуына жақынырақ. Оның әдебіне, жүріс-тұрысына және ғибадатына қарап, адамдар одан көптеген пайда алып әсерленеді.

Білім талап етушіге білімнің әшекейін ұстануды ескерту маңызды болғандықтан, бұл кітапта ол мұқтаж болған әдептерді жинап, оны **«БІЛІМ ТАЛАПКЕРІНІҢ ӘДЕПТЕРІ»** – деп атадым.

<sup>1</sup> Әнғам: 90

<sup>2</sup> Әхзаб: 21

<sup>3</sup> Тафсир ибн Кәсир (6/391)

<sup>4</sup> әл-Джәмиғ ли әхләкир-роуи уә әдәбис-сәмиғ (1/79)

Аллаһ Тағаладан бұл кітаппен пайда беруін және осы еңбекті Өзінің ұлы жүзі үшін қылуын сұраймын.

**Аллаһтың салауаты мен сәлемі Пайғамбарымыз  
Мухаммадқа, оның отбасына және барлық сахабаларына  
болсын.**

**Доктор Абдул-Мухсин ибн Мухаммад әл-Қосим**

**Пайғамбар ﷺ мешітінің имамы**

Бұл еңбекті Құрбан айт күні 1442 хижри жылы бітірдім.



## **Кітаптың жоспары**

Кітап екі бөлімнен тұрады. Әрбір бөлімнің астында тараулар бар және әр тараудың астында әр түрлі тақырыптар бар.

**Бірінші бөлім:** Білімнің маңыздылығы және артықшылығы. Оның астында екі тарау бар:

**Бірінші тарау:** Білімнің маңыздылығы.

**Екінші тарау:** Білімнің артықшылығы.

**Екінші бөлім:** Білім талапкерінің әдептері. Оның астында тоғыз тарау бар:

**Бірінші тарау және оның ішіндегі тақырыптар:**

- 1.Ықылас
- 2.Риядан қорқу
- 3.Пайғамбарға ﷺ еру

**Екінші тарау және оның ішіндегі тақырыптар:**

- 1.Дұға
- 2.Нәпіл ғибадаттар
- 3.Түнгі намаз (Қиямул-ләйл)
- 4.Аллаһты еске алу (Зикр)
- 5.Тәубе ету
- 6.Кешірім сұрау (Истиғфар)

**Үшінші тарау және оның ішіндегі тақырыптар:**

- 1.Ата-анаға жақсылық
- 2.Туыстық қарым-қатынас
- 3.Адамдардың қажеттіліктерін өтеу, жәрдемдесу

**Төртінші тарау және оның ішіндегі тақырыптар:**

- 1.Көркем мінез-құлық

- 2.Шыншылдық
- 3.Жүректің саулығы

**Бесінші тарау және оның ішіндегі тақырыптар:**

- 1.Уақытты сақтау
- 2.Білім талап етуде сабыр қылу
- 3.Салихалы достар

**Алтыншы тарау және оның ішіндегі тақырыптар:**

- 1.Ғалымдардың дәрістеріне қатысу
- 2.Ұстаздардың көптігі
- 3.Ғалымдарды құрметтеу
- 4.Білім жолындағы дос-жолдастарды құрметтеу

**Жетінші тарау және оның ішіндегі тақырыптар:**

- 1.Білімге амал қылу
- 2.Жақсы үлгі-өнеге болу

**Сегізінші тарау және оның ішіндегі тақырыптар:**

- 1.Адамдарға ілім үйрету
- 2.Білім алуда қазіргі заманның құрылғыларын пайдалану

**Тоғызыншы тарау және оның ішіндегі тақырыптар:**

- 1.Фитналардан сақ болу
- 2.Күнәлардан алыс болу.





## **Бірінші бөлім:**

### **Білімнің маңыздылығы және артықшылығы**

**Бірінші тарау:** Білімнің маңыздылығы.

**Екінші тарау:** Білімнің артықшылығы.



## Білімнің маңыздылығы

Ислам діні білімге шақыруға, оған жетуге ынталандыруға, оны ұлықтауға, оның иелерін мақтауға және оның әдептерін баяндауға өте қатты әрі толыққанды мән берді. Себебі, ол діндегі ең маңызды істердің бірі. Оның маңыздылығын баяндайтын дәлелдер төмендегідей:

**1** - Бұл үмметке түсірілген ең бірінші аят білімге ынталандырады. Аллаһ Тағала айтты:

﴿أَقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ﴾

(Оқы! Жаратқан Раббыңның атымен (оқы)!)<sup>1</sup>

**2** - Барлық жаратылыстың тура жолға түсуі және бақытты болуы білімге байланысты. Адамдардың оған деген мұқтаждығы тағам мен сусынға деген мұқтаждығынан да қатты. Имам Ахмад رحمه الله айтты: «Адамдардың білімге деген мұқтаждығы тағам мен сусынға деген мұқтаждығынан да жоғары. Себебі, тағам мен сусын адамға күніне бір немесе екі рет қажет, ал оның білімге деген мұқтаждығы тыныс алуының санындай».<sup>2</sup>

**3** - Ілімді үйрету елшілердің миссиялары. Аллаһ Тағала Ибраһим عليه السلام туралы былай деді:

﴿رَبَّنَا وَأَبْعَثْ فِيهِمْ رَسُولًا مِنْهُمْ يَتْلُوا عَلَيْهِمْ آيَاتِكَ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ

وَيُزَكِّيهِمْ إِنَّكَ أَنْتَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ﴾

(Уа, Раббымыз! Оларға өз араларынан Өзіңнің аяттарыңды оқып, Кітап пен хикметті үйрететін және

<sup>1</sup> Аләк: 1

<sup>2</sup> Мәдәридж әс-Сәликин (2/440)

оларды (күнә атаулыдан) арылтып тазартатын елші жібергейсің! Шүбәсіз, Сен ұлысың, бәрінен үстемсің һәм асқан даналық иесісің!﴿<sup>1</sup>

Аллаһ Тағала Пайғамбарымыз Мухаммад ﷺ туралы былай деді:

﴿لَقَدْ مَنَّ اللَّهُ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ إِذْ بَعَثَ فِيهِمْ رَسُولًا مِّنْ أَنفُسِهِمْ يَتْلُوا عَلَيْهِمْ آيَاتِهِ  
وَيُزَكِّيهِمْ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ وَإِن كَانُوا مِن قَبْلُ لَفِي ضَلَالٍ مُّبِينٍ﴾

﴿ Расында, Аллаһ мүміндерге өз араларынан бір пайғамбар жіберу арқылы үлкен жақсылық жасады. Ол (пайғамбар) оларға Аллаһтың аяттарын оқып түсіндіреді, оларды (күнә атаулыдан) тазартады, сондай-ақ оларға Кітап пен хикметті үйретеді. Шүбәсіз, бұдан бұрын олар анық адасуда еді.﴾<sup>2</sup>

Тағы бір аятта:

﴿هُوَ الَّذِي أَرْسَلَ رَسُولَهُ بِالْهُدَىٰ وَدِينِ الْحَقِّ لِيُظَاهِرَهُ عَلَى الدِّينِ كُلِّهِ  
وَلَوْ كَرِهَ الْمُشْرِكُونَ﴾

﴿ Мүшріктер қанша жерден жақтырмаса да, Аллаһ хақ дін Исламның мерейін өзге дін атаулының барлығынан үстем ету үшін пайғамбарын тура жол және хақ дінмен жіберді.﴾<sup>3</sup>

Бұл аятта айтылған тура жол – ол пайдалы білім, ал хақ дін – ол жақсы амал.

<sup>1</sup> Бақара: 129

<sup>2</sup> Әли Имран: 164

<sup>3</sup> Тәубе: 33

**4 -** Білім амалдан бұрын тұрады және ол амалдың дәлелі. Амалдардың дұрыс болуы және қабыл болуы білімге тіреледі. Аллаһ Тағала айтты:

﴿فَاعْلَمْ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاسْتَغْفِرْ لِذَنبِكَ وَلِلْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ

وَاللَّهُ يَعْلَمُ مُتَقَلَّبَكُمْ وَمَثُوكُمْ﴾

*﴿Біл, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешкім жоқ! Сондай-ақ өз күнәң үшін және мүмін әйелдер мен еркектер үшін жарылқау тіле!﴾<sup>1</sup>*

**5 -** Аллаһ Тағала мақтаған білім — ол шарифи білім. Ал, одан басқалары, мысалы араб грамматикасы оған жеткізуші және басқа да дүнияуи білімдер оған көмектесуші болып табылады. Ибн Ражаб رحمه الله айтты: «Білімнің ең жақсысы – Аллаһ туралы білім, Оның есімдерін, сипаттарын және істерін білу. Ол білім адам жүрегінде Аллаһты тануды, Одан қорқуды, Оны жақсы көруді, Оны ұлықтауды, Оған тәуекел етіп, Оған жан-тәнімен құлшылық етуді және Оған разы болуды туғызады. Одан кейін Оның періштелері, кітаптары, елшілері, қиямет күні туралы білім. Сондай-ақ, Оның әмірлері мен тиымдары, шарифаты мен үкімдері әрі Ол жақсы көретін және жек көретін анық-жасырын амалдар мен сөздер. Міне, кім осы білімдерді жинаған болса, ол Аллаһты таныған, Оның әмірлерін білуші, тәрбиеші (роббәни) ғалымдардан».<sup>2</sup>

**6 -** Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ білімін арттыруын сұрауды әмір етті. Міне, бұл білімнің қандай маңызды екенін көрсетеді. Аллаһ Тағала айтты:

---

<sup>1</sup> Мухаммад: 19

<sup>2</sup> Маджмуъ росаил ибн Раджаб (1/41)

﴿قُلْ رَبِّ زِدْنِي عِلْمًا﴾

{Айт: Раббым білімді арттыр.} <sup>1</sup>

Сондай-ақ, ғалымдардың насихаты – білімді көбірек жинап арттыру. Ибн әл-Джәузи رحمته айтты: «Мен осы күнге дейін адамдарды білімге ынталандырудамын, себебі, ол – бағыт-бағдар беруші нұр». <sup>2</sup>

Ибн Хаджар رحمته айтты: «Жоғарыдағы аят білім дәрежесінің жоғары екендігіне дәлел болып тұрғаны анық. Өйткені, Аллаһ Тағала Пайғамбарына ﷺ білімнен басқа нәрсені арттыруды сұрауды әмір еткен жоқ. Бұл жерде айтылған білім – шариғи білім. Ол адам мойнына жүктелген құлшылықты және қарым-қатынаста (сауда, неке, талақ сияқты мәселелер) міндет болған нәрселерді білуге, Аллаһты және Оның сипаттарын тануға әрі Оны кемшіліктен пәктеуге жәрдемдеседі. Осының барлығы тәпсір, хадис және фикһ ілімдерін үйренумен жүзеге асады». <sup>3</sup>

7 - Егер де бір елде білім тараса, ол жерде жақсылық көбейеді. Ибн Қойим رحمته айтты: «Әлемнің бұзылуының себебі – ол надандық, ал оның көркеюінің себебі – білім. Егер бір жерде білім тараса, сол жердегі адамдардың жамандығы азаяды. Ал, егер де ол жерде білім болмаса, жамандық пен бүлік тарайды. Бұны білмейтін адам – Аллаһтың нұрынан мақұрым қалғандардан». <sup>4</sup>



<sup>1</sup> Тоһа: 114

<sup>2</sup> Ахкам ән-ниса (22 бет)

<sup>3</sup> Фатх әл-бәри (1/141)

<sup>4</sup> Иъләм әл-муаққиъин (3/570)

## Білімнің артықшылығы

Білім талап ету – оған еш нәрсе тең келмейтін құрмет әрі шегі жоқ артықшылық. Оның артықшылығын баяндайтын дәлелдер төмендегідей:

**1 -** Білім талап ету – ұлы ғибадат. Имам әз-Зухри رحمته الله айтты: «Аллаһқа құлшылық етуде білімнен артық келетін ғибадат жоқ».<sup>1</sup>

**2 -** Шынайы қорқу (хोшия) дәрежесіне тек ғалымдар ғана жетеді. Аллаһ Тағала айтты:

﴿إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ﴾

*﴿ Ақиқатында, Аллаһтан құлдарының арасынан тек ғұламалар ғана шын қорқады. ﴾*<sup>2</sup>

**3 -** Аллаһ кімге жақсылық қалаған болса, оған дінде түсінік береді. Аллаһ Елшісі صلى الله عليه وسلم айтты: «**Кімге Аллаһ Тағала жақсылық қаласа, оған дінде түсінік береді**».<sup>3</sup> Шейхул-Исләм رحمته الله былай деді: «Аллаһ жақсылық қалаған барлық адамға, міндетті түрде дінде түсінік береді. Ал, біреуге Аллаһ дінде түсінік бермеген болса, оған Аллаһ жақсылық қаламады».<sup>4</sup> Тағы бір сөзінде: «Тек Аллаһ дінде түсінік берген адам ғана шынайы бақытқа бөленгендердің қатарынан».<sup>5</sup>

**4 -** Білім адамның дәрежесін өмірде де, өлімнен кейін де көтереді. Аллаһ Тағала айтты:

---

<sup>1</sup> Хиляту әл-әулия (3/343)

<sup>2</sup> Фатыр: 28

<sup>3</sup> Бухари мен Муслим риуаят еткен

<sup>4</sup> Маджмуъ фатауа Шейхул-Исләм (28/80)

<sup>5</sup> Джәмиъ әл-мәсәил (1/132)



﴿يَرْفَعُ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا مِنْكُمْ وَالَّذِينَ أُتُوا الْعِلْمَ دَرَجَاتٍ﴾

﴿ Аллаһ араларыңдағы шынайы иман келтіргендердің және ілім берілгендердің дәрежелерін көтереді. ﴾<sup>1</sup>

Ибн Қойим رحمته айтты: «Білім алудың артықшылығынан тек әлемдердің Раббысына жақын болу және жоғарғы періштелердің қатарында болу ғана болса, соның өзі құрмет ретінде жеткілікті болар еді. Дүние мен ақыреттегі абырой және құрмет білімге жетумен байланысты болса, басқасы туралы не айтуға болады?!»<sup>2</sup>

**5 -** Кімде-кім білім жолына таза ниетпен шықса, сол нәрседе жүрегінің рахаты мен ләззатын табады. Шейхул-Исләм ибн Тәймия رحمته айтты: «Маған жауларым не істей алады?! Менің жәннатым жүрегімде ғой! Қайда барсам да менімен бірге!»<sup>3</sup>

**6 -** Білім – жәннатқа апаратын ең жеңіл жол. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Кімде-кім білім жолына шықса, Аллаһ Тағала сол арқылы оған жәннатқа барар жолын жеңілдетеді».**<sup>4</sup>

**7 -** Білім жолы жеңіл. Аллаһтың кітабын, Пайғамбарының ﷺ сүннетін және білім иелерінің таңдаулы мәтіндерін түсініп, оны жаттау және оған амал қылу. Кімде-кім осы білімдерді жинаған болса, дәрежесі көтеріледі әрі онымен Аллаһтың разылығына және жәннаттың ең жоғарғы деңгейлеріне жетеді.

<sup>1</sup> Муджәдәлә: 11

<sup>2</sup> Мифтәх дәр әс-сәъядәһ (1/104)

<sup>3</sup> Әл-уәбил әс-сойиб (48 бет)

<sup>4</sup> Муслим риуаят еткен

**8 - Білімнің пайдасы адамға өлімнен кейін де келіп тұрады. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Адам өлген соң оның барлық амалдары тоқтайды. Тек үш нәрседен басқа: садақа джәрия, пайдалы білім, оған дұға етуші салихалы ұрпағы».**<sup>1</sup>

**9 - Салиқалы сәләфтар білімнің жоғарылығын және артықшылығын түсініп, оған қатты ұмтылған. Ибн Сириң رضي الله عنه айтты: «Куфа қаласында болғанымда, білім талап етіп жүрген төрт мың шақты жас-өспірімдерді көрдім».**<sup>2</sup>



---

<sup>1</sup> Муслим жеткізген

<sup>2</sup> әл-Джәмиъ лиахләқир-роуи уә әәдәбис-сәмиъ (1/113)



## **Екінші бөлім:**

### **Білім талапкерінің әдептері**

**Бірінші тарау:** Ықылас; Риядан қорқу; Пайғамбарға ﷺ еру.

**Екінші тарау:** Дұға; Нәпіл ғибадаттар; Түнгі намаз; Аллаһты еске алу (Зикр); Тәубе ету; Кешірім сұрау (Истиғфар).

**Үшінші тарау:** Ата-анаға жақсылық; Туыстық қарым-қатынас; Адамдардың қажеттіліктерін өтеу, жәрдемдесу.

**Төртінші тарау:** Көркем мінез-құлық; Шыншылдық; Жүректің саулығы.

**Бесінші тарау:** Уақытты сақтау; Білім талап етуде сабыр қылу; Салихалы достар.

**Алтыншы тарау:** Ғалымдардың дәрістеріне қатысу; Ұстаздардың көптігі; Ғалымдарды құрметтеу; Білім жолындағы дос-жолдастарды құрметтеу.

**Жетінші тарау:** Білімге амал қылу; Жақсы үлгі-өнеге болу.

**Сегізінші тарау:** Адамдарға ілім үйрету; Білім алуда қазіргі заманның құрылғыларын пайдалану.

**Тоғызыншы тарау:** Фитналардан сақ болу; Күнәлардан алыс болу.





## **Бірінші тарау:**

### **Оның ішіндегі тақырыптар:**

1. БҚЫЛАС.
2. Риядан қорқу.
3. Пайғамбарға ﷺ еру.



## Ықылас

**1** - Аллаһ Өз Елшісіне ﷺ ықыласты болуды бұйырды. Құранда Аллаһ былай деді:

﴿فَاعْبُدِ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ﴾

*«Ендеше, осынау хақ дінді шын жүректен толық қабылдап, бар ықыласыңмен бір Аллаһқа ғана құлшылық ет!»<sup>1</sup>*

Сондай-ақ, Аллаһқа құлшылық ету ықыласқа негізделетінін адамдарға баяндауын әмір етті:

﴿قُلْ إِنِّي أُمِرْتُ أَنْ أَعْبُدَ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ﴾

*«Сондай-ақ оларға: «Шүбәсіз, мен осынау хақ дінді шын жүректен толық қабылдап, бар ықыласыммен бір Аллаһқа ғана құлшылық етуге бұйырылдым», – деп айт.»<sup>2</sup>*

**2** - Білім талап етуде ниетіңді тазалап, оны жалғыз Аллаһ үшін қыл. Өзіңнен надандықты кетіруді әрі осы ұлы ғибадатты орындауда Аллаһтың разылығына жетуді ниет ет. Сонымен қатар, білімді адамдарға жеткізуде пайғамбарлардың жолын ұстан.

**3** - Амалды ықыласпен Аллаһ үшін жасау өте қиын. Сондықтан, амалды ықыласпен орындау үшін Аллаһтан көмек сұрап, дұға қыл. Ибн әл-Джәузи رحمه الله айтты: «Амалды Аллаһ үшін таза ықыласпен жасаушылар нендей аз! Себебі, көптеген адамдар өз ғибадаттарын біреуге көрсеткенді қалайды».<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Зумар: 2

<sup>2</sup> Зумар: 11

<sup>3</sup> Сойд әл-хотыр (264 бет)

**4 - Жақсы амалдарды жасыру – ықыластың белгісінен.** Амал жасырын болған сайын, оның қабыл болуына жақынырақ. Күнәһар адам күнәсінің жасырын болғанын жақсы көргендей, ықыласты шыншыл адам да жақсы амалдарының жасырын болғанын қалайды. Аллаһ Елшісі ﷺ қиямет күні Аллаһтың көлеңкесінде болатын жеті түрлі адам туралы айтқанда: **«...және бір адам садақа беріп, оны жасырғаны соншалықты, тіпті, оның оң қолы сол қолының қанша беріп жатқанын білмейді. Сондай-ақ, Аллаһты оңаша отырып еске алып, екі көзі жасқа толған адам.»** - деді.<sup>1</sup> Бишр ибн Харис رحمته айтты: «Адамдар сен туралы айту үшін амал жасама, жақсылығыңды күнәнді жасырғандай жасыр».<sup>2</sup>

**5 - Жақсы амалдарыңды түкке тұрмайтындай аз деп сана және қабыл болмай қалама деп қорық.** Себебі, құлдың апаты – өз нәпсісіне разы болуы. Ибн Қойим رحمته айтты: «Білімді адам өз алдында жақсылықтарын аз деп, күнәларын көп деп санайды. Егер өз жақсылықтарыңды азсынып, төмен санайтын болсаң, ол Аллаһтың қасында артып ұлғая түседі, ал егер оны көпсініп, жақсылықтарыңды үлкен көретін болсаң, Аллаһтың қасында азайып, кішірейіп қалады».<sup>3</sup>

**6 - Мүмінді адамдардың мақтаулары өзгертпейді және ол оған алданбайды.** Егер мүмін бір жақсылық істеп, адамдар оны мақтаса, ол оған кішіпейілділік пен Аллаһтан қорқудан басқа еш нәрсе қоспайды. Ибн әл-Джәузи رحمته айтты: «Жаратылыстарға қарауды тастау, олардың жүрегінен саған деген абыройды амалмен кетіру, ниетті туралау және өз хәлін

---

<sup>1</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

<sup>2</sup> Сияр аьләм ән-нубәлә (10/476)

<sup>3</sup> Мәдәриджд әс-сәликин (1/276)

жасыру - адамдардың дәрежесін көтереді».<sup>1</sup>

---

<sup>1</sup> Сойд әл-Хотыр (264 бет)

## Риядан қорқу

1 - Жақсы амалдың қабыл болуының шарты – таухидті бұзатын ширк пен риядан сау болуы.

2 - Пайғамбар ﷺ өз сахабалары үшін риядан қорыққан. Олардың дәрежелері жоғары әрі ең білімді бола тұра, Пайғамбарымыз ﷺ олар үшін қорыққан болса, басқалары туралы не айтуға болады?! Абу Сағид әл-Худри ؓ былай деді: «Бірде біз Дәджал туралы айтып отырғанымызда, бізге Аллаһ Елшісі ﷺ келді де былай деді: **«Мен сіздер үшін Дәджалдан да қатты қорқатын нәрсе туралы хабар берейін бе?»** Біз: «Әрине»! – деп жауап бердік. Сонда ол ﷺ: **«Жасырын ширк. Ол - адам намаз оқып тұрғанда, басқа біреудің оған қарап тұрғанын байқап, сол үшін намазын көркемдетіп оқуы!»** – деді. <sup>1</sup>

Шейх Сулейман ибн Абдуллаһ ؓ айтты: «Рия – салихалы адамдар үшін Дәджалдың фитнасынан да қорқынышты нәрсе». <sup>2</sup>

Салиқалы амалдарды жойып жіберетін риядан басқа да нәрселер бар. Оның мысалы, амалды атақ-даңқ үшін жасау немесе амалды жасап ғажаптанып менменсу, сондай-ақ тәкаппарлық және т. б.

---

<sup>1</sup> Ибн Мәжә риуаят еткен

<sup>2</sup> Тәйсир әл-Ғазиз әл-хамид (461 бет)



## Пайғамбарға ﷺ еру

**1 -** Дүние мен ақыреттің бақыты – Пайғамбарға ﷺ еруде. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَإِنْ تُطِيعُوهُ تَهْتَدُوا﴾

*(Егерде оған бойұсынсаңдар, тура жолға түсесіңдер.)<sup>1</sup>*

Шейхул-Исләм ибн Тәймия رحمته айтты: «Құлдардың екі дүниеде де бақытты болуы – елшіге еруде».<sup>2</sup>

**2 -** Таухиді ең кәміл болғандар – Пайғамбарға ﷺ толығымен ергендер. Егер адамның Пайғамбарға ﷺ еруінде кемшілік болатын болса, оның таухиді де сол мөлшерде кем болады. Кімде-кім Аллаһтың әміріне жауап бермесе, Одан өзгеге жауап береді. Шейхул-Исләм ибн Тәймия رحمته айтты: «Адамның Мухаммадқа ﷺ еруі мықты болған сайын, Аллаһқа деген таухиді әрі Оған деген діндегі ықыласы күшейе түседі, ал егер оған еруден алыс болса, сол мөлшерде дінінде кемшілік болады».<sup>3</sup>

**3 -** Сахабалар Пайғамбардың ﷺ жолына иманмен әрі айқын сеніммен ерген. Рофиғ ибн Ходидж رحمته айтты: «Аллаһ Елшісі ﷺ біз үшін пайдалы болған бір істен тиды. Ал, Аллаһқа және Оның Елшісіне ﷺ бойұсыну біз үшін барлық нәрседен пайдалырақ».<sup>4</sup>

**4 -** Сахабалар Пайғамбарға ﷺ оның барлық ісінде еруші еді. Ибн Омар رحمته айтты: «Пайғамбарымыз ﷺ өзіне алтыннан сақина жасап алып, оны кигенде сыртқы жағын алақанына

<sup>1</sup> Нур: 54

<sup>2</sup> Маджмуъ фатауа Шейхул-Исләм (19/93)

<sup>3</sup> Маджмуъ фатауа Шейхул-Исләм (17/498)

<sup>4</sup> Муслим риуаят еткен

қарататын еді. Адамдар да сақина жасап алды. Бірде ол ﷺ минбарға отырып сақинасын шешіп тастап, былай деді: **«Мен мына сақинаны сыртқы жағын ішіне қаратып киюші едім»**, – оны лақтырып тастап кейін: **«Аллаһпен ант етейін! Енді бұны ешқашан кимеймін!»** – деді. Адамдар да сақиналарын лақтырып тастады».<sup>1</sup>

5 - Оған ﷺ еруде тұрақсыздық немесе еріншектік таныту – оған ерудің кемелдігін бұзады. Кімде-кім басқа біреудің сөзін Пайғамбардың ﷺ сөзінен жоғары қойса, оған ﷺ жауап берушілерден болмайды. Ақыретте: **«Мухаммадтың ﷺ үмбетінің барлығы жәннатқа кіреді, тек бас тартқандардан басқа»**. Адамдар: «Уа, Аллаһтың елшісі! Одан кім бас тартады?» – деді. Ол ﷺ: **«Кім маған бойұсынса, жәннатқа кіреді, ал кім бойұсынбаса, ол бас тартты»**.<sup>2</sup>



---

<sup>1</sup> Бухари мен Муслим

<sup>2</sup> Бухари риуаят еткен



## **Екінші тарау:**

### **Оның ішіндегі тақырыптар:**

1. Дұға
2. Нәпіл ғибадаттар
3. Түнгі намаз (Қиямул-Ләйл)
4. Аллаһты еске алу (Зикр)
5. Тәубе ету
6. Кешірім сұрау (Истиғфар)



**Дұға**

Дұға – барлық уақытта және барлық жерде жасала беретін құлшылық. Мұсылман Раббысынан күнә болмаған барлық нәрсені дұға қылып сұрай алады. Мұсылман адамға көбірек тілеуі мустахаб болған дұғаларға төмендегілер жатады:

**1** - Аллаһтан ықылас сұрау. Омар ибн Хаттаб رضي الله عنه өз дұғасында былай деуші еді: «Уа, Аллаһым! Амалымды салиқалы әрі Өзіңнің жүзің үшін ықыласты ет және басқа ешкім үшін қылма!»<sup>1</sup>

*Аллаһуммә джъал ьамали сóлихан, уә-джъалһу  
лиуәджһикә хóлисон, уә лә тәджъал ли ахадин фйһи  
шәй-ән.*

اللَّهُمَّ اجْعَلْ عَمَلِي صَالِحًا، وَاجْعَلْهُ لِرُؤُوسِكَ خَالِصًا، وَلَا تَجْعَلْ لِي فِيهِ شَيْئًا

**2** - Аллаһтан һидаят пен туралықты сұрау. Пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم Алиге رضي الله عنه: «**Айт: «Уа, Аллаһым! Маған һидаят және туралық бер!» Жолаушының тура жолындай һидаят сұра және жебенің туралығындай туралық сұра!»** – деді.<sup>2</sup>

*Аллаһуммә һдини уә сәддидни.*

اللَّهُمَّ اهْدِنِي وَسَدِّدْنِي

**3** - Аллаһтан пайдалы білім және салихалы амал сұрау. Аллаһ Тағала Пайғамбарына صلى الله عليه وسلم білімімді арттыр деп сұрауды әмір етті:

﴿وَقُلْ رَبِّ زِدْنِي عِلْمًا﴾

*(Айт: Раббым білімімді арттыр.)*

<sup>1</sup> Ахмад жеткізген

<sup>2</sup> Муслим жеткізген

4 - Дүние мен ақыреттің жақсылығын сұрау. Өнәс ﷺ айтты: «Пайғамбардың ﷺ ең көп айтатын дұғасы: **Уа, Аллаһым, Раббымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер, ақыретте де жақсылық бер және бізді тозақ отынан сақта!»**<sup>1</sup>

*Аллаһумма роббәнә әтинә фид-дуния хасанатан уә фил-әхироти хасанатан уә қинә ьазабән-нәр.*

اللَّهُمَّ رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ

Сондай-ақ, Пайғамбарымыздың ﷺ басқа да көптеген нәрселерді қамтыған дұғалары.

---

<sup>1</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

## Нәпіл ғибадаттар

**1 - Нәпіл ғибадаттар Аллаһтың махаббатына апаратын себептердің бірі. Пайғамбардан ﷺ келген құдси хадисте Аллаһ Тағала айтты: «Құлым Мен оны жақсы көрмейінше Маған нәпіл ғибадаттармен жақындай береді».**<sup>1</sup>

**2 - Нәпіл ғибадаттар парыздардың кемшілігін басады. Аллаһ Елшісі ﷺ айтты: «Құлдың ең бірінші болып есеп-қисапқа тартылатыны ол намазы. Егер намазды толық орындаған болса, толығымен жазылады. Ал, егер толық болмаса, Аллаһ Тағала айтады: «Қараңдар! Құлымның нәпіл ғибадаттары болса, сонымен парыздарын толтырыңдар!» Кейін зекеті де солай қаралады. Дәл солай басқа амалдары да есепке алынады».**<sup>2</sup>

Шейхул-Исләм ибн Тәймия رحمہ اللہ айтты: «Егер парыздарды өтеуде немқұрайлық танытқан болса, нәпіл ғибадаттарды көп жасауда ыждағат қылсын, себебі ол үшін қиямет күні есеп-қисапқа тартылады».<sup>3</sup>

**3 - Салиқалы сәләфтар Аллаһқа құлшылықтарын көбейтуші еді. Олардың өмірбаяндарынан кейбір құлшылықтары туралы керемет көріністер:**

а. Имам әл-Бухари رحمہ اللہ айтты: «Сахих кітабыма хадисті енгізбес бұрын, дәрет алып, екі ракағат намаз оқушы едім».<sup>4</sup> Тағы бір сөзінде былай деді: «Сахих кітапты он алты жыл

---

<sup>1</sup> Бухари жеткізген

<sup>2</sup> Ахмад жеткізген

<sup>3</sup> Джәмиъ әл-мәсәил (4/109)

<sup>4</sup> Ибн Хаджар رحمہ اللہ айтты: «Сахихтағы мен тексеріп, бекіткен хадистер саны 7397. Фатх әл-бәри (1/468)

бойы жаздым және оны Аллаһ пен өз арамда құжат қылдым».<sup>1</sup>

б. Ибн Қойим رحمته айтты: «Бірде Шейхул-Исләм ибн Тәймиямен таң намазын оқыдым. Кейін ол күндізгі уақыттың жартысына дейін Аллаһты зікір етіп отырды. Сосын маған бұрылды да: «Бұл менің таңғы асым, егер таңғы асымды ішпесем, әлсіреп қаламын», – деді. Тағы бір сөзінде: «Мен зікір айтуды тастамаймын, тек қана келесі зікір жасауға дайындалып, нәпсімді демалтатын уақыттан басқа».<sup>2</sup>

в. Ибн Кәсир رحمته ибн Қойим رحمته туралы былай деді: «Мен өз заманымда бұл әлемде одан көп құлшылық жасайтын адамды білмеймін. Оның намазы ерекше еді, өте ұзақ оқиды. Рукуғын, сәждесін созып, өте ұзақ оқитыны соншалықты, тіпті, сол үшін адамдар оны сөгетін. Бірақ оған қарамастан сол амалынан қайтпаушы еді».<sup>3</sup>

Аллаһқа ғибадат қылумен шұғылдан! Парыздарды сақта, әрі сүннет намаздарын, үтір намазын, Құран оқу, сухур уақытында кешірім тілеу секілді нәпіл ғибадаттарды да тастама.

Сондай-ақ, өзіңді мешітте бір сағаттай зікір айтып отыруға міндетте. Осы амалға ең жақсы мезгіл таң намазынан духаға дейінгі уақыт.

---

<sup>1</sup> Сияр аъләм ән-аубәлә (12/402)

<sup>2</sup> әл-Уәбил әс-сойиб (42 бет)

<sup>3</sup> әл-Бидәя уән-ниһәя (14/235)

## Түнгі намаз (Қиямул-Ләйл)

1 - Аллаһ Өз Елшісіне ﷺ түнде намазға тұруды әмір етіп былай деді:

﴿يَا أَيُّهَا الْمَرْيُومُ \* فَمِ اللَّيْلِ إِلَّا قَلِيلًا \* نَصَفَهُ \* وَأَنْقَضَ مِنْهُ قَلِيلًا \*

أَوْ زِدَ عَلَيْهِ وَرَتِلِ الْقُرْآنَ تَرْتِيلًا﴾

*«Уа, жамылушы! Қане, тұр да (ұйықтап тынығуға арналған) аздаған бөлігінен басқа бүкіл түнді құлшылықпен өткіз. Түннің тең жарымын (құлшылықпен өткіз), не болмаса одан аздап қысқартуыңа болады. Яки жарымынан асырып құлшылық етсең де болады.»*<sup>1</sup>

Пайғамбарымыз ﷺ және оның сахабалары түнде намазға тұрушы еді. Аллаһ Тағала айтты:

﴿إِنَّ رَبَّكَ يَعْلَمُ أَنَّكَ تَقُومُ أَدْنَىٰ مِنْ ثُلُثِي اللَّيْلِ وَنِصْفَهُ وَثُلُثَهُ وَطَائِفَةٌ مِنَ الَّذِينَ مَعَكَ

وَاللَّهُ يُقَدِّرُ اللَّيْلَ وَالنَّهَارَ﴾

*«Раббың кейде түннің үштен екісіне жуығын, кейде тең жарымын, кей кездері үштен бір бөлігін құлшылықпен өткізетініңді, сондай-ақ қасыңдағы кейбір мүміндердің де солай істейтінін біледі. Түн мен күнді жаратып, екеуінің мерзімін белгілейтін – бір Аллаһ.»*<sup>2</sup>

2 - Пайғамбарымыз ﷺ түнгі намазды тастаған кішкентай сахабаларды сөгуші еді. Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас رضي الله عنه айтты: Маған Пайғамбарымыз ﷺ: **«Әй, Абдуллаһ! Түнгі намазына тұрып жүріп, оны тастап қойған пәленше**

<sup>1</sup> Муззаммил: 1-4

<sup>2</sup> Муззаммил: 20



**сияқты болма!»** – деді.<sup>1</sup>

**3 - Мұсылман түннің соңғы үштен бір бөлігін намаз оқумен және кешірім сұраумен өткізуі тиіс. Себебі, ол Раббымыздың Өзінің ұлылығына лайықты түрде дүние аспанына түсетін уақыты. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Ұлы Раббымыз әр түні, түннің үштен бір бөлігі қалғанда дүние аспанына түседі де, былай дейді: «Кім Маған дұға қылады, жауап берейін? Кім Менен қажетін сұрайды, оның сұрағанын берейін? Кім Менен кешірім сұрайды, оны кешірейін?»<sup>2</sup>**

**4 - Түнгі намаз жәннатқа кірудің себептерінің бірі. Аллаһ Тағала айтты:**

﴿تَجَافَى جُنُوبُهُمْ عَنِ الْمَضَاجِعِ يَدْعُونَ رَبَّهُمْ خَوْفًا وَطَمَعًا وَمِمَّا رَزَقْنَاهُمْ يُنفِقُونَ \* فَلَا تَعْلَمُ نَفْسٌ مَّا أُخْفِيَ لَهُم مِّن قُرَّةِ أَعْيُنٍ جَزَاءً بِمَا كَانُوا يَعْمَلُونَ﴾

*( Олар түн ішінде төсектерін тәрк етіп, бір жағынан (Аллаһтың) қаһарынан қорқып, екінші жағынан шексіз мейірімінен үміт еткен күйде Раббыларына жалынып-жалбарынып дұға етеді. Сондай-ақ өздеріне ризық-несібе ретінде берген нығметтеріміздің бір бөлігін ізгілік жолында жұмсайды. Дүниеде істеген игі істері үшін оларды (ақыретте) көзайым етіп, шаттыққа бөлейтін қандай құпия сый-сияпаттың, нендей тосын нығметтердің сақтаулы (жасырулы) екенін жан баласы білмейді.)<sup>3</sup>*

**Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Уа, Адамдар! Сәлем таратындар, әрі мұқтаждарды тамақтандырындар,**

<sup>1</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

<sup>2</sup> Бухари мен Муслим

<sup>3</sup> Сәжде: 16-17

**туыстық қарым-қатынас жасаңдар және адамдар ұйықтап жатқанда намаз оқыңдар, жәннатқа аман-есен кіресіңдер».<sup>1</sup>**

---

<sup>1</sup> Ибн Мәджәһ риуаят еткен

## Аллаһты еске алу (Зикр)

**1** - Зікір ету – ғибадаттардың ең абзалы әрі ең жеңілі. Тілдің қозғалысы дене мүшелердің ішіндегі ең онайы. Егер де адам денесіндегі бір мүше күніне тілдің қозғалатын мөлшеріндей қозғалыс жасаса, оған өте қиын, тіпті, мүмкін емес болар еді.

**2** - Аллаһ Тағала Құранда Өзін көп зікір етуді бұйырып, былай деді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا اذْكُرُوا اللَّهَ ذِكْرًا كَثِيرًا \* وَسَبِّحُوهُ بُكْرَةً وَأَصِيلًا﴾

*(Уа, иман келтіргендер! Аллаһты көп зікір етіңдер және Оны ертелі-кеш пәктеңдер.)<sup>1</sup>*

Сондай-ақ, Оны көп зікір ету – жеңіске жетудің себебі екенін айтты:

﴿وَأَذْكُرُوا اللَّهَ كَثِيرًا لَّعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ﴾

*(Аллаһты көп зікір етіңдер! Мүмкін, құтыларсыңдар.)<sup>2</sup>*

**3** - Кім Аллаһты зікір етсе, Аллаһ та оны зікір етеді. Аллаһ Тағала айтты:

﴿فَاذْكُرُونِي اذْكُرْكُمْ وَأَشْكُرُوا لِي وَلَا تَكْفُرُونِ﴾

*(Мені еске алыңдар, Мен де сендерді еске аламын.)<sup>3</sup>*

Пайғамбарымыздан ﷺ келген құдси хадисте Аллаһ Тағала айтты: **«Құлым мен туралы қалай ойласа, Мен**


<sup>1</sup> Ахзаб: 41-42

<sup>2</sup> Жұма: 10

<sup>3</sup> Бақара: 152

**сондай боламын. Қашан ол Мені есіне алса, Мен онымен біргемін. Ол Мені жасырын еске алса, Мен де оны жасырын еске аламын. Егер ол Мені өзгелер ішінде еске алса, Мен де оны олардан да жақсы болғандардың ішінде еске аламын».**<sup>1</sup>

**4 -** Көп зікір ету – Аллаһтың махаббатына апарады. Кім Аллаһтың махаббатына жеткісі келсе, Оны көп зікір етсін.

**5 -** Аллаһты әрдайым зікір ету – құлды екі дүниеде де бақытсыздыққа себеп болатын (Аллаһты) ұмытудан аман қылады. Ибн Қойим  айтты: «Зікірді әрдайым жасаудың пайдаларынан тек осы пайда болса, жеткілікті болар еді, себебі, кімде-кім Аллаһты ұмытса, Аллаһ оны дүниеде өз нәпсісін ұмыттырады, ал қиямет күні оны азаптың ішінде ұмытады».<sup>2</sup>

---

<sup>1</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

<sup>2</sup> Әл-уәбил әс-сойиб (46 бет)

## Тәубе ету

**1** - Тәубе – ұлы ғибадаттардың бірі. Тәубе күнәларды кетіріп, дәрежелерді көтереді. Адам тәубе етумен кемелдікке жетіп әрі Аллаһқа ең жақын болады. Ибн Қойим رحمته айтты: «Көптеген адамдар тәубе етудің қадірін, тіпті оның не екенін білмейді».<sup>1</sup>

**2** - Тәубе ету – ол құтылудың себептерінің бірі. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَتُوبُوا إِلَى اللَّهِ جَمِيعًا أَيُّهَا الْمُؤْمِنُونَ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ﴾

*﴿Уа, Мүміндер! Аллаһқа барлығың тәубе қылыңдар! Мүмкін, құтыларсыңдар.﴾*<sup>2</sup>

Ибн Қойим رحمته айтты: «Жамандықтың есігі тәубе етумен және кешірім сұраумен (истигфар) жабылады».<sup>3</sup> Кімде-кім ол ғибадатты орындамайтын болса, өз нәпсісіне зұлымдық қылғандардан болады. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَمَنْ لَّمْ يَتُبْ فَأُولَئِكَ هُمُ الظَّالِمُونَ﴾

*﴿Ал, кімде-кім тәубе етпесе, олар нағыз залымдар.﴾*<sup>4</sup>

**3** - Аллаһтың кеңшілігінен бұл ғибадат әр уақытта әр жерде орындала береді. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Күндіз күнә істеген адам тәубе етсін деп, Аллаһ Тағала қолын түнде ашады және түнде күнә істеген адам тәубе етсін деп, қолын күндіз ашады»**.<sup>5</sup>

<sup>1</sup> Мәдәридж әс-сәликин (313 бет)

<sup>2</sup> Нұр: 31

<sup>3</sup> Зәдул-мәъяд (4/186)

<sup>4</sup> Худжурот: 11

<sup>5</sup> Мусли риуаят еткен

Пайғамбарымыз ﷺ бір отырыста жүз рет былай дұға етуші еді: **«Раббым мені кешір және тәубемді қабыл ет! Расында, Сен Тәууәб (Тәубелерді көп қабыл етуші) әрі Рақымдысың».**<sup>1</sup>

*Роббигфир ли уә туб ғалайиа иннака әнтәт тәууәбур  
рохим*

رَبِّ اغْفِرْ لِي، وَتُبْ عَلَيَّ، إِنَّكَ أَنْتَ التَّوَّابُ الرَّحِيمُ

**4 -** Аллаһ Тағала құлының тәубе етіп, Оған қайтқанына қуанады. Пайғамбар ﷺ айтты: **«Аллаһ Тағала құлының тәубесіне, сендердің біреулерің жоғалтып алған нәрсесін тапқанына қуанғанынан да қаттырақ қуанады».**<sup>2</sup>

**5 -** Пайғамбарымыз ﷺ адамдардың тәубелеріне қуанушы еді. Каъб ибн Мәлик ؓ айтты: «Аллаһ Елшісіне ﷺ сәлем бергенімде, оның жүзі қуаныштан жарқырап тұрды. Аллаһ Елшісі ﷺ қуанғанда жүзі айдың бір бөлігі секілді нұрланатын. Содан біз оның қуанып тұрғанын байқаушы едік».<sup>3</sup>

**6 -** Адам өміріндегі ең жақсы күн – тәубе еткен күні. Пайғамбар ﷺ Каъб ибн Мәликке ؓ, Аллаһ оның тәубесін қабыл еткенде: **«Анаң сені туғаннан бастап өміріндегі ең жақсы күнге қуан»,** – деді.<sup>4</sup>

**7 -** Сахабалар бір-бірін тәубе етуімен және оның қабыл болуымен құттықтаушы еді. Себебі, тәубе ету – ұлы нығметтердің бірі. Каъб ибн Мәлик ؓ айтты: «Таң намазын оқыған кезде, Аллаһ Елшісі ﷺ адамдарға Аллаһ біздің тәубемізді қабыл еткені туралы хабарлады. Мен Аллаһ

<sup>1</sup> Әбу Дауд риуаят еткен

<sup>2</sup> Муслим

<sup>3</sup> Бухари мен Муслим

<sup>4</sup> Бухари мен Муслим риуаят еткен

Елшісіне ﷺ келгенімде, адамдар маған топ-топ болып келіп тәубеммен құттықтап, былай деп жатты: «Аллаһ Тағала тәубенді қабыл етуімен сені құттықтаймын».<sup>1</sup>

**8 -** Тәубе етуші күнәсін тастағаннан кейін кейде оны мұң-қайғы басады. Тәубеден кейінгі қуаныш сол мұң-қайғының мөлшеріндей болады. Оның мұң-қайғысы қатты болған сайын, тәубесінен кейінгі қуанышы да дәл сондай мөлшерде қатты болады. Күнәнің қараңғылығынан кейінгі итағаттың қуанышы қандай керемет! Ибн Қойим رحمته айтты: «Бұл жерде осы істе фақиртан басқа адамдар байқамайтын бір ұсақ нәрсе бар. Расында, әрбір тәубе етуші тәубесінің алғашында уайым, мұң-қайғы немесе таршылық себебімен жүрегі қысылады. Осы сынақты көтере алмай көптеген адамдар тәубе етуден айнып, артқа қайтып кетті. Бірақ Аллаһ тауфиқ берген білімді адам тәубеден кейінгі қуаныш пен ләззат жүрегіндегі қысымның мөлшеріндей болатынын біледі. Сол қысым қатты болған сайын, қуанышы да сондай қатты болады».<sup>2</sup>

---

<sup>1</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

<sup>2</sup> Торик әл-һиджротәйн уә бәб әс-сәъәдәтәйн (242 бет)

## Кешірім сұрау (Истиғфар)

**1** - Аллаһ Тағала құлдарына кешірім сұрауды бұйырды. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَأَسْتَغْفِرُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ﴾

*﴿Аллаһтан кешірім сұраңдар! Расында, Ол – Кешіруші, Рақымды.﴾<sup>1</sup>*

Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһтан көп кешірім сұраушы еді: **«Расында, менің жүрегім жабылып қала жаздайды және мен күніне Аллаһтан жүз рет кешірім сұраймын».**<sup>2</sup>

**2** - Аллаһ Тағала кешірім сұраушыларға жаңбыр түсіруді және күш-қуаттарын арттыруды уәде етті. Һуд Пайғамбардың ﷺ қауымына айтқан сөзі туралы Аллаһ былай деді:

﴿وَيَقَوْمِ اسْتَغْفِرُوا رَبَّكُمْ ثُمَّ تُوبُوا إِلَيْهِ يُرْسِلِ السَّمَاءَ عَلَيْكُمْ مِدْرَارًا وَيَزِدْكُمْ

قُوَّةً إِلَى قُوَّتِكُمْ وَلَا تَتَوَلَّوْا مُجْرِمِينَ﴾

*﴿Уа, қауымым! Күнәларың үшін Раббыларыңнан кешірім тілеңдер, содан кейін Оған шын пейілмен тәубе етіңдер. Сонда Ол сендер үшін көктен берекелі мол жауын жаудырады. Күштеріңе күш қосып, қажыр-қайраттарыңды арттыра түседі. Насихатыма құлақ аспай сырт айналып, күнәһар болып кетпеңдер﴾<sup>3</sup>*

Оған қоса, Аллаһ олардың мал-мүліктері мен бала-шағаларын арттыруды және оларға өзендер ағатын бақтар беруді уәде етті. Сондай-ақ, Аллаһ Нұх Пайғамбардың ﷺ

<sup>1</sup> Муззаммил: 20

<sup>2</sup> Муслим жеткізген

<sup>3</sup> Һуд: 52



қауымына айтқан сөзі туралы былай деді:

﴿فَقُلْتُ اسْتَغْفِرُوا رَبَّكُمْ إِنَّهُ كَانَ غَفَّارًا \* يُرْسِلُ السَّمَاءَ عَلَيْكُمْ مِدْرَارًا \*

وَيُمِدُّكُمْ بِأَمْوَالٍ وَمِنَيبِنٍ وَيَجْعَلُ لَكُمْ جَنَّاتٍ وَيَجْعَلُ لَكُمْ أَنْهَارًا﴾

*﴿ Және де оларға: «Раббыларыңнан күнәларың үшін кешірім тілеңдер! Өйткені Ол өте кешірімді», – дедім. Сендерге аспаннан нәсерлетіп жауын жаудырады. Сондай-ақ, мал-мүлік пен бала-шағаны молынан береді және сендер үшін бау-бақшалар өсіріп, өзендер ағызады.﴾<sup>1</sup>*

**3 - Истиғфар Аллаһтың қалауымен адамға түсінбеген білім мәселелерін ашады. Ибн Абдул-Һади رحمته الله айтты: Шейхул-Исләмнің رحمته الله былай дегенін естідім: «Кейде бір мәселелерді түсінуде қиыншылыққа тап боламын және кеудем ашылып, қиын болған нәрсе жеңілдемейінше Аллаһтан мың мәрте немесе одан да көп кешірім сұраймын. Сол уақытта базарда, мешітте, жолда немесе медреседе болсам да зікір мен истиғфарды талап еткен нәрсе жетпейінше тастамаймын».**<sup>2</sup>



<sup>1</sup> Нух: 10-12

<sup>2</sup> Әл-Буқуд әд-дуррия (21 бет)



## **Үшінші тарау:**

### **Оның ішіндегі тақырыптар:**

1. Ата-анаға жақсылық
2. Туыстық қарым-қатынас
3. Адамдардың қажеттіліктерін өтеу, жәрдемдесу



## Ата-анаға жақсылық

1 - Ата-анаға жақсылық қылу ең ұлы амалдардан. Пайғамбарымыз ﷺ: «Аллаһ Тағала ең жақсы көретін амалдар қандай?» деп сұралған сәтте, **«Уақытында оқылған намаз»**, – деді. Ол кісі: «Одан кейін қандай амал?» – деді. Ол ﷺ: **«Одан кейін ата-анаға жақсылық»**, – деді.<sup>1</sup> Аллаһ Тағала ата-ананың хақысын Өзінің хақысына қосып айтты. Аллаһ Тағаланың хақысы құлдың Оған ықыласпен ғибадат қылу, ал ата-ананың хақысы оларға көркем түрде қамқорлық көрсетіп жақсылық қылу. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَأَعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا﴾

﴿Аллаһқа құлшылық қылыңдар да Оған серік қоспаңдар! Сондай-ақ, ата-анаға жақсылық көрсетіңдер.﴾<sup>2</sup>

2 - Ата-анаға жақсылық қылу – ол пайғамбарлардың мінез-құлқы және салиқалы адамдардың әдеті. Аллаһ Тағала Өзінің Пайғамбары Яхияны ﷺ сипаттап былай деді:

﴿وَبَرًّا بِوَالِدَيْهِ وَلَمْ يَكُنْ جَبَّارًا عَصِيًّا﴾

﴿Ата-анасына қайырымды да қамқор бола білді, әсте озбыр әрі тілазар болған емес.﴾<sup>3</sup>

Сондай-ақ, Иса Пайғамбар ﷺ туралы былай деді:

﴿وَبَرًّا بِوَالِدَاتِي وَلَمْ يَجْعَلْنِي جَبَّارًا شَقِيًّا﴾

﴿Сондай-ақ маған анама мейірбан, қайырлы ұл болуды бұйырды. Мені озбыр әрі ешкімге қайыры жоқ сормаңдай

<sup>1</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

<sup>2</sup> Ниса: 36

<sup>3</sup> Марям: 14

қылмады.﴾<sup>1</sup>

**3** - Ата-анаға жақсылық қылу қиыншылықтың кетуіне, берекенің түсуіне, дұғаларға жауап берілуге және жүректің ашылып адамның пәк өмір сүруіне себеп. Абдуллаһ ибн Уәкид әл-Һәроуи رحمته айтты: «Ата-анасына жақсылық қылмайтындар қатыгез, бақытсыз болып келеді», – деп мына аятты оқыды:

﴿وَبِرًّا بِوَالِدَتِي وَلَمْ يَجْعَلْنِي جَبَّارًا شَقِيًّا﴾

*﴿ Сондай-ақ маған анама мейірбан, қайырлы ұл болуды бұйырды. Мені озбыр әрі ешкімге қайыры жоқ сормаңдай қылмады.﴾<sup>2</sup>*

**4** - Ата-анаға жақсылық қылу оларға күнә болмаған істерде бағынумен, оларға мейірімділікпен қанат жайып, аяушылық танытумен, олармен шыншыл болып, барлық жақсылықтың түрлерін жасаумен және зиян тигізбеумен болады.

**5** - Аллаһтың кеңшіліктерінен ата-анаға жақсылық қылу олардың өлімінен кейін де тоқтамайды:

а. Ата-ана өлгеннен кейін олар үшін дұға ету немесе олардың атынан садақа беру. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Адам өлген соң оның барлық амалдары тоқтайды. Тек үш нәрседен басқа: садақа джәрия, пайдалы білім және оған дұға етуші салихалы ұрпақ».**<sup>3</sup>

б. Ата-анасы тірісінде жақсы көрген адамдарымен олар өлгеннен кейін де жақсы қарым-қатынас жасау.

<sup>1</sup> Мариям: 32

<sup>2</sup> Тәфсир ибн Кәсир (2/302)

<sup>3</sup> Муслим риуаят еткен

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Ең керемет жақсылық – адам әкесінің достарымен қарым-қатынаста болуы».**<sup>1</sup>

Пайғамбарымыздың ﷺ бұл сөзіне сахабалар бойұсынып амал қылған. Абдуллаһ ибн Омар رضي الله عنه Меккенің жолында бір бәдәуиді кездестіріп, оған сәлем берді де, өзінің есегіне отырғызып, бас киімін оған берді. Біреулер Абдуллаһқа былай деді: «Аллаһ сені дұрыстасын! Бұл кісілер бәдәуілер ғой! Олар кішкентай нәрсеге де қанағат қылып разы болады». Сонда Абдуллаһ رضي الله عنه: «Расында, бұл кісінің әкесін Омар ибн Хаттаб رضي الله عنه жақсы көруші еді!» – деді.<sup>2</sup>

---

<sup>1</sup> Муслим

<sup>2</sup> Муслим жеткізген

## Туыстық қарым-қатынас

**1** - Ата-анаға және тума-туысқа жақсылық қылуды Аллаһ Тағала Өзінің таухидімен бірге айтты:

﴿وَأَعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا وَبِذِي الْقُرْبَىٰ﴾

*(Аллаһқа құлшылық қылыңдар да Оған серік қоспаңдар! Сондай-ақ, ата-анаға және тума-туысқа жақсылық көрсетіңдер.)<sup>1</sup>*

**2** - Аллаһ Тағала бізден бұрын болған үмбеттерге де туыстық қарым-қатынас жасауды әмір еткен:

﴿وَإِذْ أَخَذْنَا مِيثَاقَ بَنِي إِسْرَائِيلَ لَا تَعْبُدُونَ إِلَّا اللَّهَ وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا وَبِذِي الْقُرْبَىٰ وَالْيَتَامَىٰ وَالْمَسْكِينِ وَقُولُوا لِلنَّاسِ حُسْنًا﴾

*(Кезінде Исрайыл ұрпақтарынан: «Аллаһқа ғана құлшылық етесіңдер, ата-анаға, туған-туысқа, жетімдерге және пақыр-міскіндерге жақсылық жасайсыңдар, жұртқа жақсы сөз айтасыңдар», – деп уәде алған едік.)<sup>2</sup>*

**3** - Жақсылыққа жақсылықпен жауап беру, бұл жай ғана қайтару. Ал, нағыз туыстық қатынас жасау – сенімен қатынасты үзгендермен бірінші болып байланыс жасауың. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Туыстарының қарым-қатынасына жауап қайтарушы – байланыс жасаушы емес, нағыз туыстық байланыс жасаушы – туыстары қатынасты үзгенде оны жалғаушы».**<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Ниса: 36

<sup>2</sup> Бақара: 83

<sup>3</sup> Бухари жеткізген

4 - Егер туысқандар саған ұнамайтын іс-әрекеттер жасаса, оларға кешірімділікпен қара, жамандықтарына жақсылықпен қайтар. Юсуфтың ﷺ бауырлары оған көп зиян тигізді. Бірақ, ол бауырларын кешіріп, оларды сөкпеді, тіпті, олар үшін дұға қылды:

﴿قَالَ لَا تَأْتِبَنَّ عَلَيَّكُمْ الْيَوْمَ يَغْفِرُ اللَّهُ لَكُمْ وَهُوَ أَرْحَمُ الرَّاحِمِينَ﴾

(Ол айтты: «Бүгін сендерге сөгіс жоқ. Аллаһ сендерді кешірсін! Расында, Ол – Рақымдылардың ең Рақымдысы».)<sup>1</sup>

5 - Туыстық қарым-қатынас жасаған адамның мал-мүлкі мен ғұмырында берекет болады. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Кімде-кім, ризығы көбейгенін және өмірі ұзақ болғанын қаласа, туыстық қарым-қатынасты үзбесін».**<sup>2</sup>

6 - Туыстық қарым-қатынас жасау жәннатқа кірудің себептерінің бірі. Бір кісі Пайғамбарымыздан ﷺ: «Мені жәннатқа жақындататын және тозақтан алыстататын бір амалға бағытта!» – деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: **«Аллаһқа еш серік қоспай құлшылық қыл, намазды орында, зекет бер және туыстық қарым-қатынас жаса!»** – деді.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Юсуф: 92

<sup>2</sup> Бухари мен Муслим

<sup>3</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

## Адамдардың қажеттіліктерін өтеу

**1** - Аллаһқа ғибадат ету және Оның құлдарына пайда тигізу – Аллаһтың мейіріміне жеткізетін себептердің бірі. Ибн Қойим رحمته айтты: «Аллаһтың мейіріміне жетудің кілті – Жаратушыға ихсанмен құлшылық ету және Оның құлдарына пайда әкелуге тырысу».<sup>1</sup>

**2** - Адамдарға қызмет қылу және оларға жақсылық қылу – елшілердің жолы. Муса عليه السلام екі әйелге құдықтан су алып беруге көмектесті. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَلَمَّا وَرَدَ مَاءَ مَدْيَنَ وَجَدَ عَلَيْهِ أُمَّةً مِّنَ النَّاسِ يَسْقُونَ وَوَجَدَ مِنْ دُونِهِمُ

أُمَّرَاتَيْنِ تَذُودَانِ قَالَ مَا خَطْبُكُمَا قَالَتَا لَا نَسْقِي حَتَّىٰ يُصْدِرَ الرِّعَاءُ

وَأَبُونَا شَيْخٌ كَبِيرٌ \* فَسَقَى لَهُمَا ثُمَّ تَوَلَّىٰ إِلَى الظِّلِّ

فَقَالَ رَبِّ إِنِّي لِمَا أَنزَلْتَ إِلَيَّ مِنْ خَيْرٍ فَقِيرٌ﴾

*(Мәдиянның суатына келіп жеткенде, суат басында малдарын суарып жатқан бір топ адамды көрді. Сондай-ақ олардан әудем жерде малын суатқа жібермей қайырып тұрған екі бойжеткенді көзі шалды. Олардан: «Екеуің неге бүйтіп тұрсыңдар? (Неліктен елмен бірге малдарыңды суармайсыңдар?)», – деп сұрады. Екеуі: «Малшылар малдарын суарып болып, суат басынан кетпейінше малымызды суармаймыз. Әкеміз қарт адам еді, (сондықтан, малға бізден басқа қарайтын ешкімі жоқ)», – деп жауап берді. Сөйтіп ол екі бойжеткеннің малын суарып берді де (екеуі кеткеннен) кейін көлеңкені саялап: «Уа, Раббым!*

<sup>1</sup> Хәди әл-аруах (66 бет)



*Шүбәсіз, маған берер қандай жақсылығыңа, нендей нығметіңе болса да зәрумін!» – деді.*<sup>1</sup>

Пайғамбарымыз Мухаммадқа ﷺ уәхи келіп түскенде, қорқып жүрегі дірілдеп Хадиджаға ﷺ келеді. Сонда Хадиджа ﷺ оған адамдарға жасаған жақсы амалдарын есіне салып, былай дейді: «Аллаһпен ант етейін! Аллаһ сені ешқашан масқара қылмайды. Себебі, сен туыстық қарым-қатынасты үзбейсің, сөзінде шыншылсың, кәсіп қылуға шамасы жетпейтіндерге көмектесесің, дымы жоқтарға барыңды бересің, қонаққа қызмет көрсетесің және қиыншылыққа тап болғандарға болысасың!»<sup>2</sup>

**3** - Ислам ғибадат пен қарым-қатынасты біріктірді. Аллаһқа ғибадат қылу мен Оның құлдарына пайда тигізуді тек қана Аллаһ жәрдемдескен адам ғана бірге алып жүреді. Ибн Раджаб ﷺ айтты: «Аллаһтың хақысын және Оның құлдарының хақысын бірге алып жүру өте қиын. Бұл істі тек пайғамбарлар мен шыншылдардың кемелдікке жеткендері ғана орындайды».<sup>3</sup>



**4** - Кім адамдарға жақсылық қылып, олардан еш нәрсе үміт етпеген болса, бақытқа жетеді. Шейхул-Исләм ﷺ айтты: «Адамдармен қатынас жасауда бақытқа қол жеткізу – олармен Аллаһ үшін қатынас жасап, сауабын олардан емес, Аллаһтан үміт етуің, олардың ақысында Аллаһтан қорқып, Аллаһтың ақысында олардан қорықпауың және оларға зиян тигізуден олардан қорқып емес, Аллаһтан қорқып тиылуың».<sup>4</sup>

<sup>1</sup> Қасас: 23-24

<sup>2</sup> Бухари мен Муслим риуаят еткен

<sup>3</sup> Джәмиһ әл-улум уәл-хикәм (1/454)

<sup>4</sup> Маджмуъ фатауа Шейхул-Исләм (1/51)

**5 - Ғұламалар** Аллаһқа ғибадат ету мен адамдарға қызмет қылуда пайғамбарлардың жолын ұстанды. Әз-Заһаби  шейхул-Исләм  туралы былай деді: «Салиқалылар мен ғұламалар, әскерлер мен әмірлер, саудагерлер мен мансапты адамдар, тіпті жай халық та ибн Тәймияны жақсы көретін еді. Себебі, ол күндіз-түні олардың пайдасы үшін, қаламымен де тілімен де аянбайтын еді».<sup>1</sup>




---

<sup>1</sup> әл-Ъуқуд әд-дуррия (134 бет)



## **Төртінші тарау:**

### **Оның ішіндегі тақырыптар:**

1. Көркем мінез-құлық
  2. Шыншылдық
  3. Жүректің саулығы
- 

## Көркем мінез-құлық

1 - Көркем мінез-құлық және жақсы әдеп – ол жарқын жүзді болу, жақсылық жасауда аянбау және ешкімге зиян тигізбеу. Аллаһ Өзінің Пайғамбарын ﷺ мақтап, былай деді:

﴿وَإِنَّكَ لَعَلَىٰ خُلُقٍ عَظِيمٍ﴾

*(Шүбәсіз, сен теңдесі жоқ ұлы көркем мінез-құлыққа иесің.)<sup>1</sup>*

2 - Адамдардың ең жақсылары – көркем мінезді әрі тақуалылары. Аллаһ Елшісі ﷺ айтты: **«Расында, сендердің ең жақсыларың – көркем мінез-құлықтыларың».**<sup>2</sup>

3 - Адам өзінің көркем мінез-құлқымен күндіз-түні ғибадат етушілердің дәрежесіне жетеді. Аллаһ Елшісі ﷺ айтты: **«Расында, мүмін өзінің көркем мінез-құлқымен күндіз ораза ұстаушының, түнде намаз оқушының дәрежесіне жетеді».**<sup>3</sup>

4 - Көркем мінез-құлық Қиямет күні таразыда ауыр болатын ғибадат. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Қиямет күні мүміннің таразысында жақсы мінез-құлықтан ауыр нәрсе болмайды».**<sup>4</sup>

5 - Көркем мінез-құлық жақсылықтың барлығын қамтиды. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Ізгілік – ол көркем мінез-құлық».**<sup>5</sup>

---

<sup>1</sup> Қалам: 4

<sup>2</sup> Бухари мен Муслим

<sup>3</sup> Абу Дауд риуаят еткен

<sup>4</sup> Тирмизи риуаят еткен

<sup>5</sup> Муслим риуаят еткен

## Шыншылдық

1 - Аллаһ Тағала шыншыл болуды әмір етіп былай деді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَكُونُوا مَعَ الصَّٰدِقِينَ﴾

*(Уа, Иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар!)*<sup>1</sup>

Шыншылдық – ол иманның негізі. Ибн Қойим رحمته айтты: «Иманның іргетасы – шыншылдық, ал екіжүзділіктің іргетасы – өтірік».<sup>2</sup>

2 - Шыншылдық жақсылықтың көптеген түрлерін қамтиды. Аллаһ Елшісі صلوات айтты: **«Шыншылдықты ұстаныңдар! Расында, шыншылдық игілікке жетелейді, ал игілік жәннатқа жетелейді. Шын мәнінде, адам шыншылдықты ұстанып және үнемі шындықты айтса, Аллаһтың құзырында шыншыл деп жазылады. Сондай-ақ, өтірік айтудан сақ болыңдар! Расында, өтірік күнәһарлыққа жетелейді, ал күнәһарлық тозаққа жетелейді. Шын мәнінде, адам өтірікті ұстанып және оны үнемі өтірік айтса, Аллаһтың құзырында нағыз суайт (өтірікші) деп жазылады»**.<sup>3</sup>

Ибн Қойим رحمته айтты: «Шыншылдық иманның хабаршысы, дәлелі, көлігі, жүргізушісі, қолбасшысы, әшекейі, киімі, тіпті, ол оның өзегі мен рухы».<sup>4</sup>


3 - Әбу Бакр әс-Сыддық رضي الله عنه осы жоғары мінез-құлықты ұстанды. Әрі бүкіл үммет оны «әс-Сыддық» деген лақап атпен

<sup>1</sup> Тәубе: 119


<sup>2</sup> Мәдеридж әс-сәликин (2/258)

<sup>3</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

<sup>4</sup> Зәдул-мәъяд (3/517)

атауға бір ауыздан келісті. Ән-Нәуәуи  айтты: «Бүкіл үммет оны әс-Сыддық деп атауға бір ауыздан келісті».<sup>1</sup>

**4 - Шыншылдық қазіргі замандағы орындауға ең қиын ғибадаттардың бірі. Егер де оның қандай қиын екенін білгің келсе, бір аптада қанша өтірік еститініңді бақыла.**

**5 - Білім талап етушіге өтірік айтты деп жазылған нендей жиіркенішті. Ибн Хазм  айтты: «Өтіріктен жиіркенішті нәрсе жоқ. Өтірік зұлымдықтан, қорқақтықтан және надандықтан туындайды. Себебі, қорқақтық адамды қорлы болуға итермелейді. Өтірікші қорлы әрі жексұрын болғанымен бірге мақтаулы қасиеттер мен абыройлықтан мүлдем алыс болады».<sup>2</sup>**

---

<sup>1</sup> Тәһзиб әл-әсмә уәл-луғот (2/181)

<sup>2</sup> әл-Әхләқ уәс-сияр фи мудәуәт ән-нуфус (61 бет)

## Жүректің саулығы

1 - Аллаһ Өзінің халилі Ибраһимді عليه السلام жүрегі сау деп мақтады. Ол туралы Аллаһ Тағала былай деді:

﴿إِذْ جَاءَ رَبَّهُُ بِقَلْبٍ سَلِيمٍ﴾

﴿Ол Раббысына сау жүрекпен келген еді.﴾<sup>1</sup>

Ибн Қойим رحمته айтты: «Адам мына бес нәрседен: таухидке қарсы келетін ширктен, сүннетке қарсы келетін бидағаттан, бұйрыққа қарсы келетін шаһуаттан, зікірге қарсы келетін ғапілеттен және ықыласқа қарсы келетін нәпсіге еруден арылмайынша, жүректің саулығына жетпейді. Осы бес нәрсе Аллаһ пен құлдың арасындағы перделер».<sup>2</sup>

2 - Салиқалы амалдар жүректің саулығынан туындайды. Мұсылман жүрегінің саулығына мән беріп, оған тырысуы тиіс. Жүректің саулығы оны оған жабысқан күнәлардан тазартуында. Өнәс ибн Мәлик رحمته айтты: «Аллаһ Елшісі ﷺ кішкентай кезінде басқа балалармен ойнап отырғанда, Жәбірейіл عليه السلام келіп, оны ұстап, арқасына жатқызып, кеудесінен жүрегін кесіп алған. Содан кейін одан ұйыған қан шығарып: «Мынау сендегі шайтанның үлесі!» – деп, жүректі алтын табақта Зәмзәм суымен жуды да, жүректің кесілген жерін жамап, орнына салды».<sup>3</sup>

3 - Сахабалар да осы ұлы қасиетпен әшекейленген еді. Аллаһ Тағала ансарларды мақтап былай деді:

﴿وَلَا يَجِدُونَ فِي صُدُورِهِمْ حَاجَةً مِّمَّا أُوتُوا وَيُؤْتُونَ عَلَىٰ أَنفُسِهِمْ  
وَلَوْ كَانَ بِهِمْ خَصَاصَةٌ﴾

<sup>1</sup> Соффат: 84

<sup>2</sup> әл-Джәуәб әл-кәфи (283 бет)

<sup>3</sup> Муслим жеткізген

*﴿Оларға берілген олжаны немесе басқа да дүниені іштей қызғанбайды әрі қажетсінбейді. Тіпті, өздері мұқтаж бола тұра оларға береді.﴾<sup>1</sup>*

**4 -** Ғұламалар да осы тура манхаджды ұстанған. Ибн Қойим رحمته өзінің шейхы ибн Тәймия رحمته туралы былай деді: Ибн Тәймиямен бірге болған достарының бірі былай айтушы еді: «Ол өз жауларына қандай болды, мен де өз достарыма дәл сондай болғанымды қалар едім. Оның біреуге қарсы дұға еткенін ешқашан көрген емеспіз, керісінше, олар үшін дұға қылатын. Бірде мен оған оның жауларының бірі әрі оған қатты зиян тигізген кісі қайтыс болды деп қуанту үшін келгенімде, мені бұл ісімнен тиып, онымды ұнатпады және «Біз Аллаһқа тәнбіз және Оған қайтамыз!» – деп айтты. Кейін тез арада қайтыс болған кісінің үйіне барып, оның жанұясына көңіл айтты да: «Мен сіздерге оның орнын басамын, қандай да бір нәрсеге мұқтаж болсаңдар, мен сіздерге көмек қыламын!» – деді. Олар оның бұл сөзіне қуанып, ол үшін дұға қылды».<sup>2</sup>

**5 -** Жүректің саулығында көптеген пайдалар бар. Олар: тағдырға иман келтіру, кеуденің кеңшілігі, жанның тыныштығы, басқалар туралы жақсы ойда болу және бақытты өмір сүру.

**6 -** Жүректің саулығының сауабы – жәннат бақтары. Әнәс ибн Мәлик رحمته айтты: «Бірде Аллаһ Елшісінің ﷺ қасында отырғанымызда ол: **«Қазір сендерге жәннаттық адам келеді»,** – деді. Сонда ансарлардан бір кісі кіріп келді. Оның қасында Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас رحمته үш күн қонып, оның

---

<sup>1</sup> Хашр: 9

<sup>2</sup> Мәдәридждің әс-сәликин (2/328)



түнде намазға тұрғанын көрмеді. Оған Абдуллаһ: «Сен Аллаһ Елшісі ﷺ айтқан нәрсеге қалай жеттің?» – деді. Сонда ол: «Сен көрген нәрседен басқа еш амалым жоқ, тек өз нәпсімде мұсылмандарға деген ешқандай алдау әрі Аллаһтың оларға берген жақсылықтарына көреалмаушылық сақтамаймын», – деді.<sup>1</sup>




---

<sup>1</sup> Ахмад риуаят еткен



## **Бесінші тарау:**

### **Оның ішіндегі тақырыптар:**

1. Уақытты сақтау
  2. Білім талап етуде сабыр қылу
  3. Салихалы достар
- 

## Уақытты сақтау

**1** - Уақыттың маңыздылығын көрсету үшін, Аллаһ Тағала фаджрмен, духамен, асрмен, күндізбен және түнмен ант етті. Сондықтан ақыретте алатын орның осы дүниеде істеген амалдарыңа сай болады.

**2** - Уақытыңды сақта! Оны пайда әкелетін істерде қолдан. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Өзіңе пайда беретін нәрсеге тырыс та, Аллаһтан көмек сұра және әлсіреме!»**<sup>1</sup>

**3** - Ғұламалардың басқалардан озып, жоғары дәрежелерге жетуінің себептерінің бірі – уақыттарына ұқыпты болып және Раббыларына итағат етуде көмек болатын салихалы достарының болуы.

**4** - Уақытты сақтау білімге жетудің бірден бір себебі. Сол секілді ойды бөлетін нәрселерден алыс мекенді таңдау да білімді түсіну мен жаттауға және уақытты тиімді пайдалануға себеп. Ибн әл-Джәузи رحمته айтты: «Бақтарға және өзен жағасына барып жаттау дұрыс емес, өйткені, ол жерлер жаттаудан алаңдатады».<sup>2</sup>

**5** - Кім уақытын сақтайтын болса, Аллаһ оған ықылас және амалында береке береді. Ибн Қойим رحمته айтты: «Ибн Тәймияның жүріс-тұрысында, сөзінде, табандылығында, оның кітап жазуында ғажап нәрселер байқадым. Бір күннің ішінде, көшірмеші адам бір аптада жазатын кітапты жазушы еді».<sup>3</sup>

---

<sup>1</sup> Муслим жеткізген

<sup>2</sup> Сойд әл-хотыр (192 бет)

<sup>3</sup> әл-Уәбил әс-сойиб (77 бет)

## Білім талап етуде сабыр қылу

Әуелгі ғұламалар білім талап етіп, оны бізге жеткізуде барлық күш-қуатын жұмсағандай, білім талап етуші де дәл солай тырысып аянбауы тиіс. Сол ғұламалардың білім талап ету жолында кездестірген қиыншылықтарының кейбіріне тоқталып өтсек:

**1-Әбу Хатим әр-Рози** ﷺ білім жолында екі аяғымен мыңдаған шақырымдар жүріп, көптеген жерлерге барған. Осы жолда басқан қадамдарын санағанда, ол 8280 км жүріп өткен.

Кейін қадамын санауын тоқтатып, тек білім талап етуге барған қалаларын айтып бастады. Барған қалаларының арасы 5585 км екен.

Оның жүріп өткен барлық ара-қашықтығын қосқанда 13865 км-ге жетеді.

Ол өзінің сапарын сипаттап былай деді: «Хадис талап етуді бастағанда жеті жылдай аяқтай жүріп өткен ара-қашықтығымды санадым және ол 1000 фарсахтан<sup>1</sup> асты. Содан кейін санауды тоқтаттым.

Мен Бахрейннен Мысырға жаяу бардым. Сосын ол жақтан Ромлә қаласына (Палестина) жаяу аттандым. Кейін Ромләдан Дамаскіге (Сирия), одан Антакияға (Түркия), ары қарай Тарсуске (Түркия), кейін Тарсустан Химс (Сирия) қаласына оралдым. Содан соң Химстен Раккаға (Сирия), сол жерден Иракқа мініп бардым. Осының барлығын жүріп өткенімде, жасым жиырмада еді».<sup>2</sup>

---

<sup>1</sup> 1 фарсах - 8,28 км-ге тең. «Шариғи өлшем бірліктерді қазіргі заманның өлшем бірліктеріне айналдыру» атты кітабымызды қара.

<sup>2</sup> Тобақат әш-Шафиьия әл-кубро (2/208)

**2-Имам әл-Бухари** ﷺ айтты: «Адам ибн Әби Иясқа аттанғанымда, напақам кешігіп келмей қалды. Сол кезде кепкен шөп жедім және оны ешкімге айтпадым. Сол хәлде үш күн өткізгеннен кейін, танымайтын бір адам келіп, матаға оралған динарлар беріп: «Мынаны өзіңе жұмса!» – деді.<sup>1</sup>

**3- Әбу Хатим әр-Рози** ﷺ айтты: «214 жылы Басрада сегіз ай болдым. Сонда бір жыл болам деген ниет болды. Кейін напақам таусылып қалып, киімдерімді саттым, содан соң ол да бітіп напақасыз қалдым».<sup>2</sup>

**4-Закария әл-Ансари** ﷺ айтты: «Жас кезімде елдерге барып білім талап еткенімде, дүниенің істерімен еш айналыспаған едім, әрі жүрегімді ешбір адамға үміт етіп байламадым. Сөйтіп, медреседе болғанымда қатты қарным ашатын еді. Түнде адамдар дәрет алатын жерге шығып, сол жерде қарбыздың қалған қабықтарын жуып жейтін едім. Соған қанағат қылып, сол хәлде көптеген жылдар өткіздім».<sup>3</sup>

**5-Имам Ахмад** ﷺ өзінің аяқ-киімін тағамға ауыстырып, нан пісірушіге кепілге тастады. Сондай-ақ, аяқ-киімін Йеменнен шығарда түйешілерге жұмысқа кіріп, сол ақшаға қайтарып алды.<sup>4</sup>

**6-Имам әл-Бухаридің өмірбаянында,** Омар ибн Хафс әл-Әшқар ﷺ былай деді: «Басрада Мухаммад ибн Исмаил әл-Бухаримен бірге хадис талап еттік және біз бірнеше күнге оны жоғалтып алдық. Оны іздеп бір үйден тапқанымызда напақасы бітіп жалаңаш қалыпты. Бәріміз оған дирхамдар

---


<sup>1</sup> Тобақат әш-Шәфиъия әл-кубро (2/227)

<sup>2</sup> Сияр әъләм ән-нубәлә (13/256)

<sup>3</sup> әл-Кәуәкиб әс-сәиро бәъиян әл-миәти әл-ғәширо (1/198)

<sup>4</sup> Мәнәкиб әл-имам Ахмад либнил-Джәузи (310 бет)

жинап киім сатып алып, оны киіндірдік. Кейін қайтадан бірге хадис жазумен шұғылдандық».<sup>1</sup>

7-Хафиз ибн Касир Имам Ахмад  туралы былай деді: «Йеменде болғанында оның киімдері ұрланып кетіп, үйінде есігін кілтеп отырып қалды. Оның достары оны іздеп келіп, одан сұрағанда не болғаны туралы хабарлады. Оған достары алтын ұсынғанда, ол қабылдамады. Тек оларға кітап көшіріп жазып берген амалы үшін, олардан бір динар алды».<sup>2</sup>

Осындай қатты машақаттармен және Аллаһқа деген шынайы ықыластарымен салиқалы ата-бабаларымыздың білімдері күні бүгін жазылғандай әрі жарқыраған сәуледей жемісті болып қалды.

---

<sup>1</sup> Тарих Бағдат (2/322)

<sup>2</sup> әл-Бидая уән-ниһая (10/329)

## Салиқалы достар

1 - Иманда бекем болудың себептерінің бірі – салиқалы достар. Фитна заманында олармен бірге болу міндеттілігі одан сайын артады. Әсіресе, білім талап етудегі байсалды да ыждағатты достар. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Адам өзінің досының дінінде сондықтан да адам кіммен дос болып жүргеніне қарасын».**<sup>1</sup>

2 - Әрбір адам салиқалы досқа мұқтаж. Аллаһ Тағала Пайғамбарымыздың ﷺ досы бар екені туралы айтты:

﴿إِذْ يَقُولُ لِصَاحِبِهِ لَا تَحْزَنْ إِنَّ اللَّهَ مَعَنَا﴾

﴿ Сол кезде қасындағы жолдасына: «Уайымдама! Шүбәсіз, Аллаһ бізбен бірге», – деген еді. ﴾<sup>2</sup>

3 - Жақсы дос саған барлық жағдайда пайдасын тигізеді. Сол үшін, Пайғамбарымыз ﷺ оны миск ұстаған адаммен теңестірді. Сен оның қасында хош иіске ие боласың немесе одан миск сатып аласың. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Жақсы дос пен жаман достың мысалы, әтір сатушы мен көрік басушы секілді. Әтір сатушы саған әтірін сыйға береді немесе одан әтір сатып аласың немесе одан жақсы иіс табасың. Ал, көрік басушының қасында не киімніңді күйдіресің, не сасық иісте боласың».**<sup>3</sup>

4 - Салиқалы адамдармен бірге болудың пайдаларының бірі – олармен бір жиында отырған адам бақытсыз болмайды. Кімде-кім күнәһар бола тұра, зікір айтылып жатқан салиқалы адамдардың мәжілістеріне барып отырса, оның күнәсі

<sup>1</sup> Ахмад жеткізген

<sup>2</sup> Тәубе: 40

<sup>3</sup> Бухари мен  
Муслим

кешіріледі. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Расында, Аллаһ Тағаланың жер бетін кезіп, Аллаһты еске алатын мәжілістерді іздеп жүретін періштелері бар. Егер олар Аллаһты еске алатын мәжілісті тапса, олармен бірге отырып, олардың арасы мен дүние аспанының арасын толтырғанша қанаттарын жайып қоршайды. Содан соң барлығы мәжілістен тарағаннан кейін аспанға көтеріледі. Аллаһ Тағала бәрін жақсы біле тұра олардан: «Қайдан келдіңдер?» – деп сұрайды. Олар: «Сенің жердегі құлдарыңның қасынан келдік және олар Сені пәктеп, ұлықтап, жалғыздап, мақтап және Сенен сұрап жатыр», – дейді. Сонда Аллаһ: «Олар Менен не нәрсе сұрап жатыр?» – дейді. Періштелер: «Олар Сенің жәннатыңды сұрайды», – дейді. Аллаһ Тағала олардан: «Олар Менің жәннатымды көрді ме?» – деп сұрайды. Олар: «Жоқ. Уа, Раббымыз!» – дейді. Аллаһ Тағала: «Егер олар жәннатымды көрсе не болар еді?!» – дейді. Кейін періштелер: «Және олар Сенен пана сұрап жатыр», – дейді. Аллаһ Тағала: «Олар не нәрседен қорқып пана сұрайды?», – дейді. Олар: «Сенің отыңнан, уа, Раббымыз!» – дейді. Аллаһ Тағала: «Олар Менің отымды көрді ме?» – дейді. Періштелер: «Жоқ». – дейді. Аллаһ Тағала: «Егер олар отымды көрсе не болар еді?!» Кейін періштелер: «Олар Сенен кешірім сұрап жатыр», – дейді. Аллаһ Тағала: «Мен оларды кешірдім әрі сұрағандарын бердім және оларға қорыққан нәрселерінен пана бердім!» – дейді. Сол кезде періштелер: «Уа, Раббымыз! Олардың ішінде пәленше деген құлын бар, күнәсі өте көп. Олардың қасына шаруасымен өтіп бара жатып отыра салды», – дейді. Сонда Аллаһ: «Оны да



**кешірдім! Олар сондай қауым, олармен отырған адам бақытсыз болмайды».<sup>1</sup>**

**5** - Егер салиқалы жолдастарыңның мінез-құлқынан ұнамайтын нәрсе байқасаң, оған сабыр қыл. Себебі бауырыңның кейбір айыптары болса да, онымен бірге болудың пайдасы әлдеқайда жоғары. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَأَصْبِرْ نَفْسَكَ مَعَ الَّذِينَ يَدْعُونَ رَبَّهُمْ بِالْغَدَاةِ وَالْعَشِيِّ يُرِيدُونَ وَجْهَهُ ۗ وَلَا تَعْدُ عَيْنَاكَ عَنْهُمْ تُرِيدُ زِينَةَ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا ۗ وَلَا تُطِعْ مَنْ أَغْفَلْنَا قَلْبَهُ عَنْ ذِكْرِنَا وَاتَّبَعَ هَوَاهُ وَكَانَ أَمْرُهُ فُرُطًا﴾

﴿ Бір Аллаһтың разылығын ғана қалап, Раббыларына ертелі-кеш құлшылық әрі дұға ететін мүміндермен бірге болуда барынша сабырлық және табандылық таныт. Қу тіршіліктің сән-салтанатына көңілің ауып, оларды көзіңе де ілмей, сондай-ақ жүрегің Бізді еске алмайтындай етіп өзіміз гапыл қылған, нәпсісінің қалауына ерген әрі бүкіл ісі шектен шыққан әлдекімге ерме.<sup>2</sup>﴾

Ибн Кәсир ﷺ айтты: «Яғни, Аллаһты еске алушы, Оны жалғыздап мақтау айтушы, Оны пәктеп ұлықтаушы әрі Одан күндіз-түні сұраушы құлдарымен бірге бол. Мейлі, олар кедей немесе бай болсын, мейлі, күшті немесе әлсіз болсын».<sup>3</sup>

**6** - Тақуалылардың достықтарынан басқа достық бәрі Қиямет күні жауластыққа айналады. Тақуалылардың достығы оларға Қияметте де пайда береді. Аллаһ Тағала айтты:

﴿الْأَخِلَاءُ يَوْمَئِذٍ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ عَدُوٌّ إِلَّا الْمُتَّقِينَ﴾

<sup>1</sup> Муслим риуаят етті

<sup>2</sup> Кәһф: 28

<sup>3</sup> Тәфсир ибн Кәсир (5/152)

﴿ Ол (қиямет) күні дүниедегі барлық достар біріне-бірі қас дұшпан болады. Ал тақуалардың жөні бөлек, (олар қай кезде де бір-біріне шын жанашыр дос болады). ﴾<sup>1</sup>

7 - Қиямет күні махшар алаңында, күн адамдарға бір мильге дейін жақындатылғанда, Аллаһ үшін бір-бірін жақсы көргендерді Аллаһ Тағала Өз көлеңкесіне алуды уәде етті. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Оның көлеңкесінен басқа ешқандай көлеңке болмайтын күні, Аллаһ жеті түрлі адамды Өз көлеңкесіне алады:**

- Әділ имам;
- Жастайынан Раббысына ғибадат қылып өскен бала;
- Жүрегі мешіттерге байланған адам;
- Бір-бірін Аллаһ үшін жақсы көрген екі адам. Аллаһ үшін бірігіп, Аллаһ үшін бір-бірінен ажыраған;
- Сұлу әрі дәулетті әйел (зинаға) шақырғанда: «Мен Аллаһтан қорқамын!» – деп айтқан адам;
- Садақа беріп жасырғаны соншалықты, сол қолы оң қолының қанша бергенін білмейтін адам;
- Оңаша отырып Аллаһты еске алғанда, екі көзі жасқа толған адам».<sup>2</sup>



---


<sup>1</sup> Зухруф: 67

<sup>2</sup> Бухари мен Муслим жеткізген



## **Алтыншы тарау:**

### **Оның ішіндегі тақырыптар:**

1. Ғалымдардың дәрістеріне қатысу.
  2. Ұстаздардың көптігі.
  3. Ғалымдарды құрметтеу.
  4. Білім жолындағы дос-жолдастарды құрметтеу.
- 

## Ғалымдардың дәрістеріне қатысу

1 - Адам түсінбеген мәселелерін сұрап және білімдерінен пайда алу үшін ғалымдарға жақын болу қажет. Аллаһ Тағала айтты:

﴿فَسَّأَلُوا أَهْلَ الذِّكْرِ إِنْ كُنْتُمْ لَا تَعْلَمُونَ﴾

*(Білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар!)*<sup>1</sup>

Ибн Қойим رحمته айтты: «Аллаһты және Оның бұйрықтарын білуші ғұламалар – бұл болмыстың тіршілігі мен рухы. Оларға адамдар барлық уақытта мұқтаж».<sup>2</sup>

2 - Кімде-кім ғұламаларға жақын болса, олардың білімінен, жүріс-тұрысынан, салиқалылығынан, кішіпейілділігінен пайда алады. Аллаһ Тағала оларға көптеген артықшылықтар берді. әл-Әджурри رحمته айтты: «Ғұламалар барлық жағдайларында ұлы артықшылықтарға ие:

- олардың білім талап етуге шығуында артықшылық бар;
- олармен бір жиналыста отыруда артықшылық бар;
- олардың бір-бірімен отырып қайталауында артықшылық бар;
- олардан білім үйренген адамдарда артықшылық бар;
- оларға білім үйреткен адамдарда артықшылық бар.

Аллаһ Тағала ғұламаларға барлық жағынан жақсылық беріп қойды. Аллаһ бізге және оларға біліммен пайда берсін».<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Нәхл: 43

<sup>2</sup> Мифтәх дәр әс-сәъәдәһ (1/111)

<sup>3</sup> Әхләк әл-буләмә лил-әджурри (40 бет)

**3 -** Кімде-кім ғұламаларға жақын болса, олардың салиқалы дұғасына ие болады. Ибн Хаджар رحمته өзінің шейхы Бурхануд-дин ибн Джамаъа رحمته туралы былай деді: «Мен оның қасында үш жылдан астам уақыт жүрдім. Одан көптеген иджазалар алдым және оның білімінен әрі оның маған тілеген дұғасынан көп пайда алдым».<sup>1</sup>

**4 -** Ең жақсы мәжіліс – ғұламалардың мәжілістері. Сәһл ибн Абдуллаһ әт-Тустәри رحمته айтты: «Кімде-кім пайғамбарлардың мәжілістерін көргісі келсе, ғұламалардың мәжілістеріне қарасын».<sup>2</sup>

**5 -** Олардың мәжілістерінде отырудың көптеген пайдасы бар. Ибн Қойим رحمته айтты: Және былай делінді: «Ғалымның қасында отыру адамды алты нәрседен алты нәрсеге шақырады:

- Күмәннан айқын сенімге;
- Риядан ықыласқа;
- Ғапылдықтан зікірге;
- Дүниені қалаудан ақыретті қалауға;
- Тәкаппарлықтан кішіпейілділікке;
- Адамдарға жамандық тілеуден жақсылық тілеуге».<sup>3</sup>

**6 -** Білім талап етушілер ғалымдардың сабағына қатысуға қатты тырысушы еді. Ибн әл-Аттор رحمته өзінің шейхы ән-Нәуәуи رحمته туралы былай деді: «Маған шейх ән-Нәуәуи رحمته

<sup>1</sup> әл-Маджмаъ әл-муассас лил-муъджам әл-муфатһрос (1/83)



<sup>2</sup> Тәзкирот әс-сәмиъ уәл-мутәкәллим фи әдәби әл-ъәлими уәл-мутәъәллим (9 бет)

<sup>3</sup> Мәдәриджд әс-сәликин (3/322)

айтты: «Күніне ғалымдардың алдынан он екі сабақ алушы едім:

- Уәситтан (Шәфиғи мазһабы) екі сабақ;
- Муһаззабтан (Шәфиғи мазһабы) бір сабақ;
- Екі сахих кітабынан бір сабақ;
- Сахих Муслимнен бір сабақ;
- Лумаътан (Ибн Джинни, араб грамматикасы) бір сабақ;
- Исләхул-Мантықтан (Ибн Сиккит, араб тілі) бір сабақ;
- Сарфтан бір сабақ;
- Усулুল-Фикһтан бір сабақ, кейде Фахруд-Дин әр-Розидің «Мунтахаб» деген кітабынан, кейде Аби Исхақтың «Лумағ» деген кітабынан;
- Хадис иснадындағы адамдардың есімдерінен бір сабақ;
- Дін негіздерінен бір сабақ алушы едім.


Осы сабақтарға қатысты кейбір жерлеріне түсіндірме жазып, сөздерін ашып және тіл жағынан түзетулер жасайтынмын».<sup>1</sup>

**7** - Білім талап етушілер ғалымдардың қасынан қалмай, олардың қасында көптеген жылдар өткізуші еді. Ибн Хаджар  айтты: «Мен шейхымыз Хафиз әл-Ъироқидің  қасында он жыл болдым. Сол уақыттың ішінде кейде Шамға да, басқасына да бардым. Шейхқа көптеген муснад кітаптарын оқыдым және онымен бірге өзінің «Әлфиясына» жазған шархын талқыладым».<sup>2</sup>

---

<sup>1</sup> Тухфәт әт-толибин (49 бет)

<sup>2</sup> Инбә ул-ғумур би әбнә ил-Ъумур (2/277)

**8** - Салиқалы ата-бабаларымыз ғалымдардан пайда алуға барлық жолмен тырысып, сол нәрседе сабыр қылушы еді. Өз-Зәһәби  айтты: «Құлағы дұрыс естімейтін Махмуд ибн Мухаммад ас-Солихиге қатты дауыспен үш хадис оқыдым».<sup>1</sup>


**9** - Егер де ғұламалардың дәрістеріне қатысу мүмкін емес болса, олардың сабақтарын тікелей эфирден немесе жазылған түрде тыңда.


---


<sup>1</sup> Муъджәм әш-шүюх әл-кәбир (2/335)


## Ұстаздардың көптігі


Аллаһ Тағала адамдарға дінді үйрететін ғұламаларды таңдады және оларға түсінік пен білім берді, сондай-ақ олардың білімдегі дәрежелерін әр түрлі қылды. Ілім үйренуші білімді көптеген ғалымдардың бұлағынан ішеді. Олардың ілімінен, жүріс-тұрысынан, ғибадатынан пайда алу үшін, салиқалы ата-бабаларымыз әр түрлі ғалымдардан білім алуға тырысып және олардың саны көп болғанын қалаған. Солардың ішінен:


**1** - Имам әл-Бухари  (һ.ж 256 дүниеден өткен) айтты: «Мен 1000-нан астам шейхтан хадис жаздым».<sup>1</sup>

**2** - Мухаммад ибн Исхақ ибн Мәндә  (һ.ж 395 дүниеден өткен) 1700 шейхтан хадис жазған.<sup>2</sup>

**3** - Исмаил ибн Хәмид ибн Мәрджи  (һ.ж 653 дүниеден өткен) шейхтарының саны шамамен 1000-ға жуық.<sup>3</sup>

**4** - Абдул-Мумин ибн Халаф әд-Димиятый  (һ.ж 705 дүниеден өткен) шейхтарының саны 1250-ге жетті.<sup>4</sup>

**5** - Усман ибн Мухаммад әт-Тәузәри  (һ.ж 713 дүниеден өткен) шейхтарының саны шамамен 1000-ға жеткен.<sup>5</sup>

**6** - Абдуллаһ ибн әл-Мухибб әл-Мақдиси  (һ.ж 737 дүниеден өткен) шейхтарының саны 1000-ға жуық.<sup>6</sup>

---

<sup>1</sup> Тобәқот әл-ханабилә (1/275)

<sup>2</sup> Тобәқот әл-ханабилә (2/167)


<sup>3</sup> Бұғяту әт-толәб фи тарихи халәб (4/1631)


<sup>4</sup> әд-Дурар әл-кәминә фи әйән әл-миәти әс-сәминә (3/222)


<sup>5</sup> Муъджәм әш-шуюх әл-кәбир лиз-зәһәби (1/437)


<sup>6</sup> әр-Родду әл-уәфир (101 бет)





**7 -** Әл-Қасим ибн Мухаммад әл-Баразали  (һ.ж 739 дүниеден өткен) 2000-нан астам шейхтан білім алған.<sup>1</sup>

**8 -** Хафиз әл-Миззи  (һ.ж 742 дүниеден өткен) 1000 шақты ғалымнан ілім үйренген.<sup>2</sup>

**9 -** Әз-Зәһәбидің  (һ.ж 748 дүниеден өткен) шейхтары 2000-ға жеткен.<sup>3</sup>

**10 -** Хасан ибн Али ибн Мухаммад әл-Бағдади  (һ.ж 751 дүниеден өткен) 1000-ға жуық ғалымнан сабақ алған.<sup>4</sup>

**11 -** Мухаммад ибн Рофиғ әс-Сәләми  (һ.ж 774 дүниеден өткен) 1000-нан астам шейхтан ілім алды.<sup>5</sup>

**12 -** Абдул-Азиз ибн Омар ибн Фәһд әл-Қураши  (һ.ж 920 дүниеден өткен) шамамен 1000 ғалымнан ілім алған.<sup>6</sup>

---

<sup>1</sup> әл-Муъджәм әл-мухтас бил-мухаддисин (77 бет)

<sup>2</sup> әд-Дурар әл-кәминә фи әйән әл-миәти әс-сәминә (6/228)


<sup>3</sup> Ғояту ән-ниһая фи тобәқот әл-қурро (2/71)


<sup>4</sup> әд-Дурар әл-кәминә фи әйән әл-миәти әс-сәминә (2/133)



<sup>5</sup> әд-Дурар әл-кәминә фи әйән әл-миәти әс-сәминә (5/180)

<sup>6</sup> әл-Кәуәкиб әс-сәиро би әйән әл-миәти әл-ъәширо (1/239)

## Ғалымдарды құрметтеу

**1 -** Ғалымдарды құрметтеу Аллаһты ұлықтаудан туындайды. Себебі, олар пайғамбарлардың мирасқорлары әрі дінді ұстап тұрушылар. Әһли-сунна уәл-жамаъа ақидасынан: ғалымдарды мақтап, оларды құрметтеу. әт-Тахауи  айтты: «Сахабалар мен табиғиндардан болған ғалымдар және олардан кейінгі сәләф ғалымдары тек ең жақсы, әдемі сөздермен еске алынуы тиіс».<sup>1</sup>


**2 -** Көптеген ғалымдардың шәкірттері ұстаздарын құрметтеу деген жоғары сипатты ұстанған. Робиф ибн Сулейман  айтты: «Аллаһпен ант етейін! әш-Шәфиғи маған қарап тұрғанда, оған деген құрметтен, су ішуге батпайтын едім».<sup>2</sup>



**3 -** Шейхул-Исләм ибн Тәймияның  оны қатты құрметтейтін бауыры болды. әл-Баззар  айтты: «Шейхты бауыры қатты құрметтеуші еді, оның қасында отырғанда басына құс қонғандай отырушы, сондай-ақ, одан сұлтаннан сескенгендей сескенуші еді. Әрі біз оған таң қалып былай дейтін едік: Әдетте, адам өз отбасындағылардан бөтен адам сияқты ұялмайды. Керісінше, еш ұялмастан бір-бірімен ашық сөйлеседі. Ал, саған қарасақ, сен шейхпен қарым-қатынасында оны қатты құрметтеп, ұялған шәкірті сияқтысың». Ол: «Расында, мені оған осындай қарым-қатынас жасауға міндеттейтін нәрсе - одан басқа адамдар көрмейтін нәрселерді көруім!» – деді.<sup>3</sup>



<sup>1</sup> әл-Ъәқидә әт-тохауия, мутуну толиб әл-Ъилм (166 бет)

<sup>2</sup> Тарих димашқ (51/404)

<sup>3</sup> әл-Әъләм әл-Ъәлйия (54 бет)

**4 -** Мұсылманға ғұламалардың ар-намысына түсіп кетуден сақ болу қажет. Хафиз ибн Асакир  айтты: «Ғұламалардың еттері улы. Оларға тіл тигізгендерді әшкерелеудегі Аллаһтың әдеті бәріне белгілі. Себебі, олардың қатысы жоқ болған нәрседе оларға тіл тигізу – үлкен нәрсе. Оларға жала жауып, ар-намыстарына тиіп еттерін жеу – малдың қорытуға шамасы келмейтін жемі секілді. Аллаһтың білімді көтеруге таңдаған құлдарына жала жабу – жек көрінішті мінез-құлықтан. Ал, оларға кешірім тілеушілерге еру – керемет сипат».<sup>1</sup>

**5 -** Тәрбиеші (Роббәни) ғұламалар – Аллаһтың ең жақын құлдары. ән-Нәуәуи  ұлы екі имам Абу Ханифа мен әш-Шафиғи туралы былай деді: «Егер ғұламалар Аллаһтың уәлиі болмаса, басқалары Оған уәли болмайды».<sup>2</sup> Сондай-ақ, Аллаһ Тағала Өзінің уәлилеріне зиян тигізгендерді қорқытты. Пайғамбарымыз  кудси хадисінде былай деді: **«Аллаһ Тағала айтты: «Кімде-кім Менің жақын құлыммен (уәлиіммен) жауласса, Мен оған соғыс жариялаймын».**<sup>3</sup>


**6 -** Кімде-кім ғұламаларды жамандайтын болса, үлкен күнәға түседі. Әт-Тахауи  айтты: «Кім оларды жамандықпен еске алса, ол дұрыс жолда емес».<sup>4</sup> Шейх Мухаммад ибн Ибраһим  айтты: «Кімде-кім салиқалы адамдар мен ғұламаларды келемеждеуді әдетке айналдырса, кейбір ғалымдардың пікірі бойынша діннен шығып кетеді».<sup>5</sup>


<sup>1</sup> Тәбиин кәзиби әл-муфтәри ғәлә Әби әл-Хасан әл-Әшғари (29 бет)


<sup>2</sup> Әт-Тибйән фи әдәби хәмәләти әл-Қуран (29 бет)

<sup>3</sup> Бухари риуаят еткен

<sup>4</sup> әл-Бәқидә әт-тохауия, мутуну толиб әл-ылм (166 бет)

<sup>5</sup> Мәджмұә фатауа уә росәил сәммәхәти әш-шейх Мухаммад ибн Иброһим  (12/195)

**7** - Кімде-кім ғұламаларға тілімен зиян тигізсе, Аллаһ оны жаман өліммен сынайды. Ибн Асакир  айтты: «Кім ғалымдардың айыптарын ашып, оларды кемсітетін болса, Аллаһ оны өлімінен бұрын жүрегінің өлімімен сынайды».<sup>1</sup>

**8** - Кімде-кім адамдардың ар-намысына тиетін әңгімені жақсы көрсе, оны Аллаһты зікір етуге ауыстырсын. Ибн Аун  айтты: «Аллаһты еске алу – ем, ал адамдарды еске алу – дерт».<sup>2</sup>

---

<sup>1</sup> Тәбйин кәзиби әл-Муфтәри ғалә Әби әл-Хасан әл-Әшъари (425 бет)

<sup>2</sup> Тарих әл-Исләм (4/101)

## Білім жолындағы дос-жолдастарды құрметтеу

**1** - Аллаһ Тағала Өзінің қалаған құлдарына жаттау, түсінік және кітап жазу сияқты әр түрлі қабілеттерді беріп қойды. Құлдың Аллаһтың берген нәрсесіне разы болуы – тағдырға иман келтіруді іске асыру болып табылады және бұл білім иелеріне міндеттірек.


**2** - Сәләфтар білім жолындағы жолдасын құрметтеп, оған деген сау жүрекпен қарым-қатынас жасап, қасында болмаған кезде бір-бірін мақтаушы еді. Мысалы, Ибн Кәсир мен Ибн Қойим رحمهما білім жолында жолдас болған, екеуі де Шейхул-Исләмнің шәкірттері және бір-бірін жақсы көруші еді. Ибн Кәсир رحمهما Ибн Қойим رحمهما туралы былай деді: «Ибн Қойим رحمهما шейхы Ибн Тәймия 712 жылы Мысырдан қайта оралғаннан бастап ол дүниеден өткенше бірге болды. Сол жерде одан мол білім алып, білімде сирек кездесетін адамға айналды. Сондай-ақ, ол күндіз-түні білім талап етумен, көп намаз оқумен және Аллаһқа көп жалбарынумен болды. Құранды әдемі оқитын және мінез-құлқы да көркем, көреалмаушылықтан алыс, ешкімге зияны жоқ, біреудің айыбын іздемейтін әрі ешкімге жек көрініш сақтамайтын адам еді. Мен оның қасында ең көп жүргендердің бірі едім және ол мені адамдардың бәрінен артық жақсы көретін».<sup>1</sup>

Өз-Зәһәби رحمهما досы Абдуллаһ ибн Мухаммад әл-Мақдиси رحمهما туралы былай деді: «Ол – Аллаһ үшін жақсы көретін адамдарымның бірі».<sup>2</sup>

---

<sup>1</sup> әл-Бидәя уән-ниһәя (532/18)

<sup>2</sup> әл- Муъджәм әл-мухтас бил-мухаддисин (128 бет)

**3 - Достардың білімінен пайда алу – ақылдың дұрыстығынан.** Шәмсуд-Дин әс-Сәхоуи  айтты: «Адам өзінен үлкеннен, өзімен теңдес немесе өзінен төмен адамдардан ілім алмайынша ізгілікке жетпейді».<sup>1</sup>




---

<sup>1</sup> әд-Доу әл-ләмиъ лиәһли әл-қорн әт-тәсиъ (8/13)



## **Жетінші тарау:**

### **Оның ішіндегі тақырыптар:**

1. Білімге амал қылу
  2. Жақсы үлгі-өнеге болу
- 

## Білімге амал қылу

**1 -** Амал – білімнің жемісі. Білім тек қана жақсы амалға бағыттау үшін ғана қойылды. Расында, білім деген тек білмеген нәрсені біліп қою ғана емес, оны біліп одан пайда алу.

**2 -** Білімге амал қылу білімді арттырады. Осы ұлы негізді тәрбиеші ғұламалар ұстанған. Кейбір ғалымдар былай деді: «Хадисті жаттауға оған амал қылумен жәрдем қылушы едік».<sup>1</sup> Ибн Тәймия رحمه الله айтты: «Кім біліміне амал қылса, Аллаһ Тағала оған білмегенін үйретеді.»<sup>2</sup> Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَالَّذِينَ أَهْتَدُوا زَادَهُمْ هُدًى وَآتَاهُمْ تَقْوَاهُمْ﴾

*﴿ Ал тура жолға түскендерге келсек, Аллаһ олардың осынау хақ жолға деген сенімін арттырып, жүректерін орнықтырады және тақуа болуды нәсіп етеді. ﴾*<sup>3</sup>

﴿وَلَوْ أَنَّهُمْ فَعَلُوا مَا يُوعَظُونَ بِهِ لَكَانَ خَيْرًا لَهُمْ وَأَشَدَّ تَثْبِيثًا﴾

*﴿ Егер олар өздеріне айтылған уағыз-насихатқа амал жасағандарында, өздері үшін қайырлы және имандары да алдеқайда берік болар еді. ﴾*<sup>4</sup>

**3 -** Аллаһ Тағала Исраил ұрпақтарын білімнен пайда алмағандары үшін сөкті. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَأَتَيْنَاهُم بَيِّنَاتٍ مِّنَ الْأَمْرِ ط فَمَا اخْتَلَفُوا إِلَّا مِنْ بَعْدِ

مَا جَاءَهُمُ الْعِلْمُ بَغْيًا بَيْنَهُمْ﴾

<sup>1</sup> Иқтидоул-ъилм әл-ғамал (90 бет)

<sup>2</sup> Маджмуъ фатауа Шейхул-Исләм (10/10)

<sup>3</sup> Мухаммад: 17

<sup>4</sup> Ниса: 66



﴿Сонымен қатар, оларға діндері мен діни жән-жоралғыларына қатысты ап-айқын дәлелдер мен мұғжизалар нәсіп еттік. Алайда, олар өздеріне осынау хақ ілім келгеннен кейін араларындағы көреалмаушылық пен дұшпандықтың кесірінен бір-бірімен алауыз болды да қалды.﴾<sup>1</sup>

Сондай-ақ, Раббысына білімсіз ғибадат еткен христиандарды сөгіп, оларды адасқандар деген сипатпен сипаттады. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَلَا الضَّالِّينَ﴾

﴿Адасқандардың жолына емес.﴾<sup>2</sup>

**4** - Кім біліміне амал қылмайтын болса, білімнің және Аллаһқа деген қорқыныштың ләззатынан мақұрым қалады. Сондай-ақ, Аллаһ оны білген нәрсесінен айырып, надандардың қатарында болады. Ибн Тәймия رحمه الله айтты: «Кімде-кім нәпсісіне еріп өзі білген ақиқатқа еруден бет бұрса, адасуының үстіне адасушылық пен надандық қосылып, жүрегі соқырланып, анық ақиқатқа ере алмай қалады.»<sup>3</sup> Аллаһ Тағала айтты:

﴿فَلَمَّا زَاغُوا أَزَاغَ اللَّهُ قُلُوبَهُمْ وَاللَّهُ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْفَاسِقِينَ﴾

﴿Олар осылайша хақ жолдан ауытқып қисық кеткенде, Аллаһ та олардың жүрегін ақиқаттан ауытқытып жіберді. Аллаһ ондай күнәдан қайтпайтын азғын қауымды әсте тура жолға салмайды.﴾<sup>4</sup>

<sup>1</sup> Джәсия: 17

<sup>2</sup> Фатиха: 7

<sup>3</sup> Маджмуъ фатауа Шейхул-Исләм (10/10)

<sup>4</sup> Соф: 5

## Жақсы үлгі - өнеге болу

**1 - Қоғамда басқаларға үлгі бол.** Сахабалар Пайғамбарымызды ﷺ үлгі тұтып, одан көрген нәрсеге ерді. Аллах Тағала айтты:

﴿لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِّمَن كَانَ يَرْجُوا اللَّهَ وَالْيَوْمَ الْآخِرَ  
وَذَكَرَ اللَّهَ كَثِيرًا﴾

*﴿Шүбәсіз, Аллаһ елшісінде сендер үшін әрі Аллаһқа және ақырет күніне бар үмітін артқан және Аллаһты көп еске алушыларға теңдессіз үлгі-өнеге бар.﴾<sup>1</sup>*

**2 - Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ одан бұрын болған пайғамбарларға еруді әмір етті.** Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَأُولَٰئِكَ الَّذِينَ هَدَىٰ اللَّهُ فَبِهِدَاهُمُ اقْتَدِهْ قُلْ لَا أَسْأَلُكُمْ عَلَيْهِ أَجْرًا  
إِنْ هُوَ إِلَّا ذِكْرٌ لِّلْعَالَمِينَ﴾

*﴿Міне, осы таңдаулы тұлғалар – Аллаһтың тура жолға салған құлдары. Ендеше, сен де солардың тура жолына түс және (қауымыңа): «Мен пайғамбарлық міндетімді атқарғаным үшін сендерден ақы сұрамаймын. Бұл Кітапты үгіттеуімнің жалғыз себебі – оның күллі әлемге ескерту және насихат болғандығы», – деп айт.﴾<sup>2</sup>*

**3 - Жақсы амалдарда үлгі болу басқаларға сөзбен насихат айтқандай немесе одан да қатты әсер етеді.** Ибн Аббастың ﷺ құлы Курайбтан келген хадисте: «Ибн Аббас ﷺ бір күні нағашы апасы және Пайғамбардың ﷺ әйелі

<sup>1</sup> Ахзаб: 21

<sup>2</sup> Әнғам: 90

Маймунаның ﷺ үйіне қонды». Ибн Аббас ﷺ айтты: «Мен көпшіктің енімен жаттым, ал Пайғамбар ﷺ жанұясымен ұзынынан жатты. Пайғамбар ﷺ түннің ортасына дейін ұйқтады да, ұйқысынан тұрып, ұйқының әсерін кетіру үшін қолымен бетін сүртті. Кейін Әли Имран сүресінің соңғы он аятын оқыды. Содан соң жарда ілініп тұрған қол жуғышқа барып, ең жақсы түрде дәрет алып, намазға тұрды». Ибн Аббас ﷺ айтты: «Мен де оның істегенін дәл солай істеп, қасына барып оның жанына намазға тұрдым. Ол оң қолын менің басыма қойып, оң құлағымды тартты. Ол екі ракағат оқыды, кейін тағы екеуін, одан кейін тағы екеуін, сөйтіп он екі ракағат оқып, соңында үтір оқыды. Кейін азаншы келгенше жата тұрды да, тұрып жеңілдетіп екі ракағат оқып, кейін намазға шығып таң намазын оқыды».<sup>1</sup>



---

<sup>1</sup> Бухари мен Муслим риуаят еткен



## **Сегізінші тарау:**

### **Оның ішіндегі тақырыптар:**

1. Адамдарға ілім үйрету
2. Білім алуда қазіргі заманның құрылғыларын пайдалану



## Адамдарға ілім үйрету

**1** - Үйренген нәрсені басқаға үйрету – Пайғамбарымыздың ﷺ әмірі. Ол ﷺ айтты: **«Менен бір аят болса да жеткізіндер».**<sup>1</sup> Сондықтан дінді тарату үшін шарифаттың бәрін білу шарт емес.

**2** - Кімде-кім білім алған болса, үйіндегілерді, жақындарын және басқа да адамдарды үйретсін. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَأَنْذِرْ عَشِيرَتَكَ الْأَقْرَبِينَ﴾

﴿Жақын-туыстарыңды ескерт!﴾<sup>2</sup>

Тағы бір аятта:

﴿وَمَنْ أَحْسَنُ قَوْلًا مِّمَّنْ دَعَا إِلَى اللَّهِ وَعَمِلَ صَالِحًا﴾

﴿وَقَالَ إِنِّي مِنَ الْمُسْلِمِينَ﴾

﴿Ел-жұртты Аллаһқа, Оның хақ жолына шақыратын және игілікті істер істейтін әрі: «Расында, Мен мұсылмандарданмын», – деп жар салған жаннан асқан сөзі жақсы кім бар?!﴾<sup>3</sup>

**3** - Балаларға үйде немесе басқа жерде білім үйрету оларға жастық шағында да, есейгенде де пайдасын береді. Имам Мәлик ибн Әнәс ﷺ айтты: «Салиқалы сәләфтар балаларына Әбу Бакр мен Омарды ﷺ жақсы көруді Құранның сүресін үйреткендей үйретуші еді».<sup>4</sup>

<sup>1</sup> Бухари риуаят еткен

<sup>2</sup> Шуғара: 214

<sup>3</sup> Фуссылат: 33

<sup>4</sup> Шарх усул иьтикод әһли суннати уәл-джәмәғә (7/1313)



**4** - Мешіттерде немесе үйде адамдарға мына кітаптарды оқыған жақсы болып саналады: «الأصول الثلاثة» (Үш негіз), «كتاب التوحيد» (Таухид кітабы), «رياض الصالحين» (Тақуалар бақтары), «تفسير السعدي» (Саъди тәпсірі), «الفصول في سيرة الرسول» (Пайғамбарымыздың ﷺ өмірбаянынан тараулар),

«الإصابة في تمييز الصحابة» (Исоба фи тамиизи сахаба).

**5** - Шейхул-Исләм ибн Тәймияның ﷺ әкесі де, атасы да ғалымдардан болған. Сөйтіп, ол дін мен ілім басты орында болған үйде өсіп-өнді және оның дарындылығы бала кезінен бастап көрінді. Оның ерте жетілуінің әсерлерінің бірі – жеті жасында бір яһудиді исламға шақырып, ол ислам қабылдады. Әл-Баззар ﷺ айтты: «Шейхул-Исләм ибн Тәймия 661 жылы, Рабиуль-Әууәл айының онында, Харран қаласында дүниеге келді. Харран қаласында жеті жасқа толғанша өмір сүріп, кейін әкесімен бірге Дамаск қаласына көшті. Сол қалада Аллаһ Тағала оны ең таза әрі кәміл түрде өсіріп жетілдірді. Оның жақсы сипаттары бала кезінен білінді әрі оның Аллаһтың қамқорында болғанының дәлелдері анық еді». Маған өзім жақсы сенетін бір адам айтты: «Шейх ﷺ балалық шағында жазуды үйренетін медресеге барып жүргенде, күн сайын сол жолда тұратын бір яһуди кездесіп, оған сұрақтар қоятын еді. Оның зеректігін байқаған яһуди оған әр түрлі мәселелерде сұрақтар қоятын және шейх оның сұрақтарына тез жауап қайтаратын. Солай уақыт өте келе шейх яһудиге жалған дінді ұстанып жүргенін дәлелдеп береді. Сөйтіп, яһуди ислам қабылдап, исламды жақсы ұстанады. Бұл шейхтың бала кезіндегі жасаған дағуатының берекесі еді».<sup>1</sup>

---

<sup>1</sup> әл-Әъләм әл-Ъәлһия (16 бет)

**6** - Кім басқа біреуге ілім үйретсе, ұлы жақсылықтарға жетеді. Ибн Қойим  айтты: «Ғалым ақиқатты біліп, оған амал қылып, басқаларды оған үйретпейінше, «тәрбиеші (Роббәни) ғалым» деген атаққа лайық болмайтынына сәләфтар бір ауыздан келіскен. Кімде-кім білім алып, оған амал қылса, кейін басқаларды үйретсе, аспан әлемінде атақты әрі ұлы болып саналады». <sup>1</sup> Ибн әл-Мубарак  айтты: «Пайғамбарлықтан кейін білім таратудан жоғары дәрежені білмеймін!»<sup>2</sup>

---

<sup>1</sup> Зәдул-мәъад (3/9)

<sup>2</sup> Тәһзибул-кәмәл (16/20)

## Білім алуда қазіргі заманғы құрылғыларды пайдалану

1 - Жүрегін бүлдірген адам қасіретке ұшырап құритынына, ал нәпсісін күмән мен шаһуаттардан тазалаған адам жеңіске жететініне Аллаһ Тағала қатарынан он бір рет ант етті. Аллаһ Тағала айтты:

﴿ وَالشَّمْسِ وَضُحَاهَا \* وَالْقَمَرِ إِذَا تَلَّهَا \* وَالنَّهَارِ إِذَا جَلَّهَا \* وَاللَّيْلِ إِذَا يَغْشَاهَا \*  
وَالسَّمَاءِ وَمَا بَنَاهَا \* وَالْأَرْضِ وَمَا طَحَاهَا \* وَنَفْسٍ وَمَا سَوَّاهَا \* فَأَلْهَمَهَا فُجُورَهَا  
وَتَقْوَاهَا \* قَدْ أَفْلَحَ مَنْ زَكَّاهَا \* وَقَدْ خَابَ مَنْ دَسَّاهَا ﴾

*(Күнге және оның жарық шуағына серт! \* Оған ілесіп, сәуле шашқан айға (серт!) \* Оны паш етіп көрсететін күндізге (серт!) \* Оны бүркеп, жасыратын түнге (серт!) \* Аспанға және оны (теңдессіз жүйеге келтіріп, тірексіз) тұрғызғанға (серт!) \* Жерге және оны (масаты кілемдей жайып) төсегенге (серт!) \* Әр нәпсіге және оны қабілетті етіп, жүйеге салғанға (серт!) \* Содан соң күнәнің жолдарын әрі одан сақтану, арылу жолдарын оның көкейіне салып, білдіргенге серт! \* Сол нәпсіні (тәкаппарлық пен Аллаһқа қарсы келу дертінен) арылтқандар (Аллаһтың ауыр азабынан) құтылып, мұратына жетеді. \* Ал нәпсісін (тәкаппарлық пен күнә батпағына) батырып бүлдіргендер адыра қалады.)<sup>1</sup>*

2 - Білім алуды жеңілдететін қазіргі заманауи құрылғылар – Аллаһтың құлдарына берген нығметі. Осы Аллаһтың берген нығметтерін пайдалануда адамдар шүкір

<sup>1</sup> Шәмс: 1-10



еткен (Шәкир) және күпір еткен (Кәфир) болып екіге бөлінеді. Аллаһ Тағала Сулейман пайғамбар ﷺ туралы былай деді:

﴿هَذَا مِنْ فَضْلِ رَبِّي لِيَبْلُوَنِي ءَأَشْكُرُ أَمْ أَكْفُرُ﴾

*{ Бұл Раббымның маған деген шарапаты. Шүкіршілік етемін бе, жоқ, әлде (мұны өзім істедім деп) астамшылық қыламын ба, соны көрейін деп, мені сынап көруде. }<sup>1</sup>*


**3 -** Пайғамбарымыз ﷺ аспаннан тамшылап жаңбыр жауғанда, адамдардың сол себепті имандары артатыны және кейбір адамдар сол себепті Аллаһтан алыстайтыны туралы хабар берді. Зейд ибн Холид әл-Джуһәни رضي الله عنه айтты: «Худайбияда болғанымызда, Пайғамбарымыз ﷺ бізбен бірге таң намазын оқыды. Сол түні аспаннан жаңбыр жауған еді. Намаздан кейін адамдарға қарап: **«Раббыларың не айтқанын білесіңдер ме?»** – деп сұрады. Адамдар: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі!» – деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: **«Құлдарымның ішінде біреулері мүмін болып, ал біреулері имансыз болып таң атырды. Кімде-кім: «Бізге Аллаһтың мейірімі және нығметімен жаңбыр жауды!»** – десе, ол Маған иман келтіріп (мүмін болған), жұлдызға кәпір болды. Ал, кімде-кім: **«Бізге пәленше жұлдыздың себебімен жаңбыр жауды!»** – десе, ол Маған иман келтірмей (кәпір болған), жұлдызға иман келтірді».<sup>2</sup>

Егер адамдар иманында жаңбырмен сыналып жатқан болса, әлбетте, адам осы заманауи құрылғылармен де сыналады.

<sup>1</sup> Нәмл: 40

<sup>2</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

**4** - Бұл электрондық құрылғыларды, интернетті және тағы да басқа нәрселерді мұсылман адам өзіне әрі басқаларға пайда әкелуге қолданып, оны уақытын құртатын және сенімін бүлдіретін нәрсе қылып алмауы керек.

**5** - Егер адам бұл құрылғылардан мақталмайтын жаман нәрселерді көретін болса, одан алыстасын. Себебі, харам нәрселер, күмән және фитналар бар жерге бару – оған түсудің себептерінің бірі. Шейхул-Исләм  айтты: «Егер құл өзін бәлеге итеретін болса, Аллаһ оны өз нәпсісіне тастап қояды».<sup>1</sup>




---

<sup>1</sup> Маджмуъ фатауа Шейхул-Исләм (10/577)



## **Тоғызыншы тарау:**

### **Оның ішіндегі тақырыптар:**

1. Фитналардан сақ болу
  2. Күнәлардан алыс болу
- 

## Фитналардан сақ болу

1 - Фитналар өте көп. Оның көптігін Пайғамбарымыз ﷺ жаңбырдың тамшыларына ұқсатты. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Расында, мен сіздердің үйлеріңе түсіп жатқан фитналарды көремін, олар түсіп жатқан жаңбырдың тамшыларындай».**<sup>1</sup>

2 - Фитнаның үлкені және кішісі болады. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Кейбір фитналар жаздың желіндей, оның кішісі және үлкендері бар».**<sup>2</sup>

Сондай-ақ, оның теңіз толқынындай таситын түрлері бар. Хузайфа رضي الله عنه айтты: «Бірде Омардың қасында отырғанымда ол былай деді: «Фитна туралы Аллаһ Елшісінің ﷺ хадисін кім біледі?» Мен: «Мен білемін!» – дедім. Ол: «Расында, сен өте батылсың! Хадисте қалай айтылды?» – деді. Мен: «Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естідім: **«Адамның жанұясындағы, мал-мүлкіндегі, өз нәпсісіндегі, бала-шағасындағы, көршісіндегі фитнасы ораза ұстаумен, намаз оқумен, садақа берумен, жақсылыққа шақырып жамандықтан тиюмен өшіріледі».** Омар رضي الله عنه: «Мен оны айтып тұрған жоқпын. Менің айтып тұрғаным теңіздің толқыны сияқты тасыған фитналар», – деді.<sup>3</sup>

3 - Жүректерге фитналар пальма ағашының жапырағынан жиналып жасалатын төсеніш секілді, талшық талшықтап келеді. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Жүректерге фитналар пальма ағашының жапырағынан жиналып**

---

<sup>1</sup> Бухари мен Муслим

<sup>2</sup> Муслим

<sup>3</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

**жасалатын төсеніш секілді, талшық талшықтап келеді. Қандай да бір жүрек сол фитналарды сіңіріп алатын болса, оған қара дақ қойылады. Ал, оны қайтарып тастайтын болса, оған ақ дақ қойылады. Сөйтіп, жүрек екі түрге бөлінеді: тап-таза аппақ жүрек, аспан мен жер тұрғанша оған ешқандай фитна зиян тигізбейді. Ал екіншісі сұр қара төңкерілген құмыра тәріздес жүрек, жақсылықты білмейтін, жамандықты қайтармайтын, нәпсісіне жаққан нәрсені сіңіріп алады».<sup>1</sup>**

Мағынасы: Пальма ағашынан жасалған төсеніш бір-бірлеп қатты жапырақтардан жиналған болса, фитналар да дәл солай жүрекке бір-бірлеп, оны жауып тастамайынша келе береді. Егер жүректе фитналардың әсерінен қара дақтар көп жиналса, жүректі қара әрі қараңғы қылып тастайды. Сол кезде жүректің нұры кетіп, жақсылықты жамандықтан ажырата алмай қалады.

**4 - Ислам діні фитналарға жақындаудан тиым салады. Юсуф Пайғамбар ﷺ фитнадан қашып былай деді:**

﴿قَالَ رَبِّ السِّجْنُ أَحَبُّ إِلَيَّ مِمَّا يَدْعُونِي إِلَيْهِ﴾

*(Сол кезде Юсуф (әйелдердің арбап-азғыруынан құтылу үшін): «Уа, Раббым! Мыналардың маған істе деп отырған ісін істегенше, зынданға жабылғаным артық.»<sup>2</sup>*

Шейхул-Исләм ﷺ айтты: «Фитналарға жақындау күнәлардан болып саналады».<sup>3</sup>

**5 - Кім өз нәпсісін фитналарға итерген болса, одан құтыла алмай қалады және ол басын тыққан адамды сүйреп**

<sup>1</sup> Муслим

<sup>2</sup> Юсуф: 33

<sup>3</sup> әл-Әдәб әш-шәрийя (3/462)

кетеді. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Кім оған жақындаса, түсіп кетеді».**<sup>1</sup>

**6 -** Ғұламалардың насихаты – фитналардан алыс болу. Ибн Қойим رحمته айтты: «Мен Шейхул-Исләмға қайта-қайта шүбәларды келтіріп сұрақ қойып едім, ол маған: «Жүрегіңді шүбәлар мен күмәндарды сіңіріп алып, сыққанда тек соны ғана шығаратын су сіңіретін құрал секілді қылма. Бірақ оны қатты шыны секілді қыл. Шүбәлар оның сыртынан өтіп, онда тұрақталмайды әрі ол таза күйінде қалып, өзінің қаттылығымен әрбір шүбәні итеріп тастайды. Ал, егер де жүрегіңе әрбір өткен шүбәларды сіңіріп алатын болсаң, ол жүрек шүбәлар мен күмәндардың тұрақты орны болып қалады. Мен үшін шүбәларды кетіруде осы әсиеттен артық пайдалы нәрсе болмады!» – деді.<sup>2</sup>

**7 -** Фитналардан сақтану төмендегі нәрселермен іске асады:

а. Дұға етумен. Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларға айтты: **«Аллаһтан жасырын және әшкере болған фитналардан пана сұраңдар!»** Олар: «Біз Аллаһтан жасырын және әшкере фитналардан пана сұраймыз!» – деді.<sup>3</sup>

б. Фитналардан алыс болу және оған апаратын барлық жолды жабу.

в. Уақытты ақыретте пайда беретін нәрселермен толтыру.

---

<sup>1</sup> Бухари мен Муслим

<sup>2</sup> Мифтәху дәр әс-сәъәдәһ (1/140)

<sup>3</sup> Муслим жеткізген

## Күнәлардан алыс болу

**1** - Адамдар құрмет пен ұлылыққа Аллаһқа бағынумен ғана жетеді. Ал Аллаһқа қарсы келіп күнә жасаумен елеусіз әрі кішірейіп қор болады. Күнәһар адам жексұрын, төмен болады. Өз-өзін он жерден құрметтімін деп көрсетсе де, елеусіздік пен қорлық оны жан-жағынан қаптайды. Аллаһ Тағала айтты:

﴿إِنَّ الَّذِينَ يُجَادُونَ اللَّهَ وَرَسُولَهُ أُولَٰئِكَ فِي الْأَذَلِّينَ﴾

*﴿ Расында, (ешқандай шектеуді мойындамай) Аллаһқа және елшісіне қарсы келгендер ең қор, ең жексұрын адамдардың арасында болады. ﴾*<sup>1</sup>

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Әлбетте, менің әміріме қарсы келгендерге қорлық пен елеусіздік болады».**<sup>2</sup> Хасан әл-Басри ؓ айтты: «Міндетті түрде, Аллаһ Тағала өзіне қарсы келіп күнә істеген адамды елеусіз әрі төмен қылады».<sup>3</sup>

**2** - Дүниеде қандай да бір жамандық пен ауру болмасын, оның себебі күнәлардан. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَمَا أَصَابَكُمْ مِّنْ مُّصِيبَةٍ فِيمَا كَسَبَتْ أَيْدِيكُمْ وَيَعْفُوا عَنْ كَثِيرٍ﴾

*﴿ (Естеріңде болсын!) Бастарыңа келген әрбір бәле-жала өз қолдарыңмен істеген күнәларыңның кесірінен. Дегенмен, Ол күнәларыңның көбін біржосла кешеді. ﴾*<sup>4</sup>

Ибн Қойим ؓ айтты: «Күнәлар міндетті түрде зиян тигізетінін адамдардың барлығы білу қажет. Оның жүрекке

<sup>1</sup> Муджәдәлә: 20

<sup>2</sup> Ахмад риуаят еткен

<sup>3</sup> Тарих әт-Тобәри (11/638)

<sup>4</sup> Шура: 30

тигізетін зияны удың денеге тигізетін зиянындай. Әрі оның зияны күнәның дәрежесіне сай әр түрлі болып келеді».<sup>1</sup>

**3 -** Адам күнәларға мән бермей, оны кішкентай деп санаған сайын, Аллаһтың алдында ол күнә үлкейе түседі. Мән бермейтін кіші күнәлардан сақ бол, себебі, олар жинала жинала, адамды құртып жібереді. Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Мән бермейтін кіші күнәлардың мысалы, бір жерге тоқтап, бір-бір бұтақтан жинап отын жағып, тағам пісірген қауымның мысалындай».**<sup>2</sup> Әнәс ؓ айтты: «Расында, сіздер кейбір амалдарды жасап, оларды шаштан да жіңішке көресіңдер, ал біз оларды Пайғамбардың ﷺ уақытында құртып жіберетін күнә деп есептейтін едік».<sup>3</sup>

**4 -** Күнә тек күнә жасау ғана емес, сондай-ақ, уәжіпті орындауда немқұрайлық таныту да күнәлардан болып табылады. Шейхул-Исләм ؒ айтты: «Күнәлар екі түрлі: уәжіп тастау және харам жасау. Кімде-кім уәжіпті орныдауға шамасы жетіп тұрып, оны тастаса күнәһар болып саналады».<sup>4</sup>

Кім бұйрықты орындауға асықпаса, немқұрайлылықпен кешігіп жасайды. Аллаһ Тағала айтты:

﴿لَمَنْ شَاءَ مِنْكُمْ أَنْ يَتَقَدَّمَ أَوْ يَتَأَخَّرَ﴾

*﴿ Араларыңнан (иман келтіріп, игі істер істеп) алға озғысы келетіндер үшін де, (күпірлік пен күнәға батып) артта қалуды таңдағандар үшін де (ерен ескертуші). ﴾*<sup>5</sup>

<sup>1</sup> әл-Джәуәб әл-кәфи (98 бет)

<sup>2</sup> Ахмад риуаят еткен

<sup>3</sup> Бухари риуаят еткен

<sup>4</sup> Маджмуъ фатауа Шейхул-Исләм (30/39)

<sup>5</sup> Муддассир: 37



5 - Күнәлар жүректің нұрын және білімнің берекетін кетіреді. Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَذُرُوا ظَاهِرَ الْأَثَمِ وَبَاطِنَهُ إِنَّ الَّذِينَ يَكْسِبُونَ الْأَثَمَ سَيُجْزَوْنَ

بِمَا كَانُوا يَفْعَلُونَ﴾

﴿ Ашықтан-ашық жасалатын жария күнәні де, жасырын күнәні де қойыңдар! Расында, үнемі күнәға бататындар істеген күнәларының сазайын міндетті түрде тартады. ﴾<sup>1</sup>

Ибн Аббас رضي الله عنه айтты: «Расында, күнә - жүректің қараңғылығы, беттің қараюы, дененің әлсіздігі, ризықтың кемуі және адамдардың жүрегіндегі жеккөрініш».<sup>2</sup>

6 - Күнәнің әсері күнәһардың қоластындағылардың жүріс-тұрысынан байқалады. Фудайл ибн Ыяд رضي الله عنه айтты: «Расында, мен күнә жасап, оның әсерін есегім мен қызметшімнің жүріс-тұрысынан байқаймын».<sup>3</sup>

7 - Күнәһар адамнан талдар мен жан-жануарлар да зиян шегеді. Пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم айтты: **«Күнәһар құлдан (ол өлгеннен кейін) адамдар да, елді-мекендер де, талдар да, жан-жануарлар да демалады».**<sup>4</sup>

8 - Кейбір адамдар күнәнің әсерін сол мезетте көрмегесін, ол туралы қате пікірде болады. Күнәнің әсері кешігіп келгенде адамдар оны ұмытып, жасаған күнәнің жазасы емес деп ойлауы мүмкін. Аллаһ Тағала айтты:

<sup>1</sup> Өнғам: 120

<sup>2</sup> Маджмуъ фатауа Шейхул-Исләм (15/282)

<sup>3</sup> Хилятул-әулия уә тобақотул-асфия (1/109)

<sup>4</sup> Бухари мен Муслим жеткізген

﴿مَنْ يَعْمَلْ سُوءًا يُجْزَ بِهِ، وَلَا يَجِدْ لَهُ مِنْ دُونِ اللَّهِ وَلِيًّا وَلَا نَصِيرًا﴾

*(Кімде-кім жамандық жасаса, жазасын тартады әрі Аллаһтан басқа өзін жазадан құтқаратын қамқор дос та, қолұшын берер медеткер де таба алмайды.)*<sup>1</sup>

**9** - Күнәнің жазаларының бірі – адам үйренген білімін ұмытуы. Шейхул-Исләм ﷺ айтты: Осы үшін былай деп айтылды: «Расында, жақсылықтың сауабы – одан кейін істелетін жақсылық, ал жамандықтың жазасы – одан кейін күнә жасап, тағы да жамандыққа бату.

Сондай-ақ, жаман амал (мысалы, өтірік айту) істеген адам сол мезетте жүрегінде қараңғылық, кеудесінде таршылық, екі жүзділік пайда болып, үйренген нәрсесін ұмытып, талап етіп жүрген білімінің есіктері оған жабылып қалады».<sup>2</sup>

Кейде тіпті, білімнен мақұрым қалады. Ибн Қойим ﷺ айтты: «Күнәлардың жаман әсерлерінің бірі – білімнен айырылу. Расында, білім – ол Аллаһтың жүрекке салатын нұры, ал күнә сол нұрды сөндіріп тастайды. Имам әш-Шәфиғи имам Мәликтің алдында отырып, оған кейбір нәрселерді оқығанда, оның мықты түсінігі мен зеректігіне таң қалып, имам Мәлик оған былай дейді: Шынында, Аллаһ жүрегіңе нұр салған екен. Оны күнәның қараңғылығымен өшіріп алма!»<sup>3</sup>

**10** - Кімде-кім күнәны Аллаһтан қорыққаннан тастайтын болса, Аллаһ оның орнына көптеген жақсылықтар береді. Аллаһ Тағала айтты:

<sup>1</sup> Ниса: 123

<sup>2</sup> Маджмуъ фатауа Шейхул-Исләм (8/396)

<sup>3</sup> әл-Джәуәб әл-кәфи (132 бет)

﴿وَلَمَنْ خَافَ مَقَامَ رَبِّهِ جَنَّاتٍ﴾

*﴿ Раббысының құзыры дегенде (яғни, Раббысының алдына баратын күнді ойлап) аза бойы қаза болатын мүмінге екі бірдей жаннат бар. ﴾*<sup>1</sup>

Аллаһ Тағаладан барлығымызға білім талап етуде және барлық істерімізде ықылас пен көркем әдепті нәсіп етуін сұраймын.

**Аллаһтың салауаты мен сәлемі Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және барлық сахабаларына болсын.**



---

<sup>1</sup> Рахман: 46

## Кітап мазмұны

Кіріспе .....	5
Кітаптың жоспары .....	8
Бірінші бөлім: .....	10
Білімнің маңыздылығы және артықшылығы .....	10
Білімнің маңыздылығы.....	11
Білімнің артықшылығы .....	15
Білім талапкерінің әдептері.....	18
Ықылас .....	20
Риядан қорқу.....	23
Пайғамбарға ﷺ еру .....	24
Екінші тарау: .....	26
Дұға .....	26
Нәпіл ғибадаттар .....	29
Түнгі намаз (Қиямул-Ләйл).....	31
Аллаһты еске алу (Зикр).....	34
Тәубе ету .....	36
Кешірім сұрау (Истиғфар).....	39
Ата-анаға жақсылық .....	42
Туыстық қарым-қатынас .....	45
Адамдардың қажеттіліктерін өтеу .....	47
Көркем мінез-құлық.....	51
Шыншылдық .....	52
Жүректің саулығы.....	54


---

Уақытты сақтау .....	58
Білім талап етуде сабыр қылу .....	59
Салиқалы достар .....	62
Ғалымдардың дәрістеріне қатысу .....	67
Ұстаздардың көптігі.....	71
Ғалымдарды құрметтеу .....	73
Білім жолындағы дос-жолдастарды құрметтеу.....	76
Білімге амал қылу .....	79
Жақсы үлгі - өнеге болу .....	81
Адамдарға ілім үйрету.....	84
Білім алуда қазіргі заманғы құрылғыларды пайдалану.....	87
Фитналардан сақ болу .....	91
Күнәлардан алыс болу .....	94
Кітап мазмұны .....	99

---

**«Білім талапкерінің баспа және тарату ұйымы»**

**00966506090448**



# БІЛІМ ТАЛАПКЕРІНІҢ МӘТІНДЕРІ

<b>Бастауыш деңгей</b>	❖ Зікірлер мен Әдептер
<b>Бірінші деңгей</b>	❖ Үш негіз және оның дәлелдері ❖ Төрт ереже ❖ Мұсылманшылдықты бұзатындар ❖ Имам ән-Науауидің қырық хадисі
<b>Екінші деңгей</b>	❖ Құран тәжүиді ❖ Намазды дұрыс оқу ❖ Таухид кітабы
<b>Үшінші деңгей</b>	❖ Байқуния хадис терминологиясы ❖ Әбу Исақ әл-Илбири ❖ Әл-Әджуррумия араб тілі грамматикасы ❖ Уасатия ақидасы
<b>Төртінші деңгей</b>	❖ Әл-Уарақат усул фиқһ ережелері ❖ Әл-Хикам ❖ Әр-Рахабия мирас ілімі ❖ Әт-Тахауия ақидасы
<b>Бесінші деңгей</b>	❖ Булуғ әл-Марам ❖ Зад әл-Мустақниғ ❖ Ибн Мәликтің Әлфиясы
<b>Алтыншы деңгей</b>	❖ Екі сахих кітабының жинағы ❖ Әл-Бухари мен Муслимда жеке келген хадистер ❖ Екі сахих кітабына қосымша келген хадистер

مترجم إلى الكازاخية